

Әділетті Қазақстан

Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АҚОРДА



ТАРИХИ САПАР

ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашады

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ

Ерболат ДОСАЕВ

Жетісу ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 25 мамыр күні сағат 9.00-де «Көкжиек» шағынауданы, 63 мекенжайындағы №177 жалпы білім беретін мектепте өтеді. Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Жетісу әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

САЯСАТ



ТҮРКИЯДАҒЫ САЙЛАУ: КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТ КІМ?

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

23.05.2023

Түнде:



+10+12 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 5-10, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

24.05.2023

Түнде:



+8+10 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+18+20 °C

Бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 5-10, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №63 (6356) 23 мамыр, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

БАСТЫ БАҒДАР

Үкімет Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын бекітті



Қазақстан Республикасының Үкіметі Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарын бекітті. Стратегиялық құжат «Алматыбасжоспар» ғылыми-зерттеу институты, «Алматыгипрогор-1» жобалау институты сарапшылары мен жұртшылықтың талап-тілектерін ескере отырып әзірленді.

3

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

ЖЕЛМЕН ЖАРЫСҚАН ЖҮЙРІКТЕР

Алматыда классикалық ұшқыр бәйге өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жылқыны сүймейтін, бәйгеге қызықпайтын қазақ жоқ. Алматы ипподромындағы шабандоз бен асыл тұқымды жылқылардың жылдамдығы сыналған жарыс өте тартысты өтті. Шын жүйріктер топ жарып, мәселі болды. Жанкүйерлер мен көрермендердің аламанға ат қосқандай тыпыршып тұруынан бәсекелестік жоғары болғанын аңғару қиын емес.

12

ҚЫСҚА...

- Президент 25 мамырда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына қатысады.
- Мемлекет басшысы Сингапур Президенті Халима Якобпен келіссөз жүргізді.
- Сенаторлар 25 мамыр күні болатын отырыстың күн тәртібін бекітті.
- Мәжілісте өткен Үкімет сағаты ғылымды дамытуға арналды.
- Үкіметте елдімекендерді сумен қамтамасыз ету шаралары қаралды.
- ЖОО бағдарламасына «Кәсіби қазақ тілі» пәнін енгізу жоспарлануда.
- Үндістандық лоукостер Қазақстанға әуе рейстерін ашады.
- Алматыда 600-ден астам жол белгісі қалпына келтірілді.
- Қазақстандық теннисші Елена Рыбакина әлемнің төртінші ракеткасы атанды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы және Сингапур Республикасы арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін Сингапур Республикасының Президенті Халима Якобты I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Сингапур Президенті Халима Якоб көрсеткен сый-құрметі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға бар күш-жігерін жұмсайтынына сенім білдірді.

Сингапур Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында мынадай құжаттарға қол қойылды: Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы қызметтер саудасы және инвестициялар туралы келісім; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі арасындағы Орталық Азия елдері (С5) мемлекеттік қызметшілері үшін әлеуетті арттыру бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен «Enterprise Singapore» арасындағы ынтымақтастық туралы келісім; «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен «Enterprise Singapore» арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 25 мамыр күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Палатаның алдағы отырысында сенаторлар «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл Құжат Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға қосымша келісім екенін атап өткен жөн. Заң аталған Конвенцияны іске асыру тетіктерін белгілейді. Құжат нормалары мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға және инклюзивтілік қағидатын іске асыруға бағытталған. Хаттамаға сәйкес, мүгедектігі бар азаматтар Конвенцияның ережелері бұзылған жағдайда осы комитетке хабарламамен немесе шағыммен жүгіне алады. Сонымен қатар, Бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты Комитеттеріне бөлініп берілді.

■ МӘЖІЛІС

Палатада өткен Үкімет сағаты Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру аясында ғылымды дамытуға арналды.

Ғылым саласын дамыту бойынша жұмыстар жөнінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндады. Ол елімізде ғылыми зерттеулер және тәжірибелік жұмыстармен айналысатын 414 ұйым мен 22 мыңнан астам кадр бар екенін атап өтті. Саланы қаржыландыру соңғы үш жылда 3 есеге артқан. Министрдің айтуынша, биыл «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітіліп, құжатта ғылым саласы бойынша негізгі міндеттер айқындалған. Олар: ғалымдар қатарын көбейту, экожүйені нығайту, экономикадағы үлесін арттыру, университеттегі ғылымды дамыту, ғылымды басқаруды жетілдіру және т.б. Жйында көтерілген ғылымды дамыту мәселелер бойынша Ұсынымдар Үкіметке жолданатын болады.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үйлестіру штабының отырысында елдімекендерді сумен қамтамасыз ету шаралары қаралды.

Бүгінгі таңда ауызсуға қолжетімділік қалаларда – 98,4%-ды, ауылдарда – 94,5%-ды құрап отыр. Биыл сумен жабдықтау, су бұру жүйелерін салу және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 402 жобаны іске асыруға 280 млрд теңге бөлінді. Жалпы, 2025 жылға дейін қалған 25 қала мен 1395 ауылдың халқын таза ауызсумен қамтамасыз ету қажеттілігі айтылды. Осыған байланысты республиканың әрбір елдімекенін қамтитын тиісті жоспар әзірленді. Оның ішінде іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізу, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысына мониторинг жүргізіледі. «Сумен жабдықтаудағы өндірістік процестерді автоматтандыру суды тиімді тұтынуды қамтамасыз етеді. Бұл судың шығындарын және желілер мен жабдықтардың бұзылуын азайтып, қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы бағыт шеңберінде биылғы жылдың соңына дейін «Су ресурстары» модулі бар Табиғи ресурстардың интерактивті картасы енгізілуі тиіс. Сондай-ақ, барлық қондырғылар мен гидрокұрылыстар есептеу құралдарымен жабдықтаулы керек», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

■ ЗЕЙНЕТАҚЫ

Жыл басынан бері республикалық бюджеттен 1 трлн 98,9 млрд теңге зейнетақы төлеуге бөлінді, оның ішінде базалық зейнетақы – 337,4 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы – 761,5 млрд теңге, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны – 2 млн 297 мың адам. Жиынтық зейнетақының орташа мөлшері 120 686 теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы мөлшері – 82 851 теңге, базалық зейнетақы – 37 835 теңге.

■ ЖӘРДЕМАҚЫ

Биылғы жыл басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен орта есеппен 540,7 мың отбасы жалпы сомасы 135,4 млрд теңге мөлшерінде қамтылды, оның ішінде сауір айында 548 мың отбасына 34,3 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді.

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады. Мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын көмекетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады. Төлем мөлшері бала санына қарай есептеледі. Көпбалалы отбасыларындағы: 4 баласы бар отбасыларға – 16,03 АЕК немесе 55 304 теңге; 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 69 138 теңге; 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 82 973 теңге; 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге; 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 13 800 теңге мөлшерінде төленеді. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 8,5%-ға артқан болатын.

■ АВТОКӨЛІК

ҚР ПМ: 5,3 млн азамат автокөліктерді қайта тіркеу қызметін онлайн пайдаланды. Смартфоноварқылы онлайн-қызметтер іске қосылғаннан бастап оларды жеті миллионнан астам адам пайдаланды. Оның 5,3 млн-ы автокөлікті сатушылар мен сатып алушылар, деп хабарлады ҚР Ішкі істер министрлігі.

Жыл сайын автокөліктерді сатып алу-сатуды рәсімдеу және қайта тіркеу үшін ХҚКО-ға алты миллионға жуық қазақстандық келеді. Әрине, бұл өз кезегінде ХҚКО-ға ұзақ уақыт жүріп бару, онда кезек күту, автокөлік сатушысымен есеп айырысу үшін өзімен бірге үлкен көлемде ақша алып жүру сияқты қолайсыздықтар туғызды. Осыған байланысты ПМ «Kaspi», «Halyk» және «Freedom» банктерінің мобильді қосымшаларында автокөліктерді онлайн-режимде қайта тіркеу сервисін іске қосты. Аталмыш сервис сатушы мен сатып алушыға сатып алынатын/сатылатын автокөлікке салықтарды немесе айыппұлдарды тексеру мен төлеуден бастап мемлекеттік нөмірді, сондай-ақ автокөлік иесіне сатып алынған көлік құжаттары мен таңдалған нөмірді алуға ыңғайлы болатын ХҚКО-ны таңдауға дейінгі қызметтердің бүкіл циклын ұсынады.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

■ АҚОРДА

ТАРИХИ САПАР

ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Сингапур Президенті Халима Якобпен келіссөздер жүргізді.

Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының басшысы мемлекеттер басшыларына рапорт берді. Екі елдің мемлекеттік Әнұрандары шырқалып, бірге суретке түскеннен кейін президенттер кеңейтілген форматта кездесу өткізу үшін залға қарай өтті.

Тараптар Қазақстан мен Сингапур арасындағы саяси диалогты нығайту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту мәселелеріне баса мән бере отырып, екі ел қатынастарының қазіргі жай-күйі мен перспективасын жан-жақты талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халима Якобқа ілтипат білдіре отырып, осындай күрделі кезеңде оның Сингапурды басқару ісіндегі көшбасшылық қызметіне жоғары баға берді.

– Сингапур Президентінің Орталық Азия елдерінің арасында ең әуелі Қазақстанға келуі – біз үшін зор мәртебе. Сіздің Қазақстанға сапарыңыз – тарихи оқиға.

Бұл сапар біздің өзара тиімді ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін. Қазақстан Сингапурмен арадағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуге ниетті, – деді Мемлекет басшысы.

Биыл наурыз айында екі мемлекеттің бір-бірімен дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толды. Президент осы кезеңде елдеріміз арасында өзара сенімді саяси диалог пен белсенді парламентаралық байланыстар қалыптасқанын атап өтті. Қазақстан мен Сингапур қатынастарында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық ерекше орын алады. Мемлекет басшысы бүгінде елімізде 140-тан астам сингапурлық компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына назар аударды.

– Сингапурдың Қазақстан экономикасына құйған инвестициясының жалпы көлемі 1,4 миллиард доллардан асты. Экономикалық қиындықтар мен пандемияға қарамастан, былтыр өзара сауда-саттық көлемі 2 миллиард долларға

жуықтады. Бұл өте жақсы нәтиже деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы екіжақты ынтымақтастықтың берік негізі қаланғанына тоқталды. Бұл орайда жақында құрылған Қазақстан–Сингапур іскерлік кеңесі маңызды рөл атқарады. «Сингапурға турист ретінде баратын азаматтарымызға қолдау көрсетеміз. Әрине, Сіздің елден келетін туристер мен бизнесмендерге біздің есігіміз әрдайым ашық. Сондықтан Қазақстан Сіздің елмен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екенін тағы да айтқым келеді», – деді Президент.

Сонымен қатар, Назарбаев Университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі мен Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебі арасында стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екені айтылды.

Мемлекеттер басшылары экспорт мүмкіндіктерін кеңейту, еліміздің аумағында бірлескен кәсіпорындар ашу мәселелері туралы пікір алмасты. Атап айтқанда, Алматы маңындағы «G4City» агломерациясының құрылысына қатысты бірлескен инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы, қаржы институттары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Президенттер Транскаспий халықаралық көлік дәлізі мен «Бір жол – бір белдеу» бастамасын бір-бірімен сабақтастыру, сондай-ақ елдеріміз арасында тікелей әуе қатынасын ашу жөнінде өзара тиімді ынтымақтастық перспективаларын қарастырды. Халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе, соның ішінде Қазақстан мен Сингапурдың көпжақты құрылымдар аясындағы қатынастарын талқылады. Содан кейін мемлекеттер басшыларының қатысуымен екі елдің ресми делегация мүшелері бірқатар құжаттарға қол қойды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖАҢА АЛМАТЫ

БАСТЫ БАҒДАР

Үкімет Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын бекітті

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Бас жоспардың негізгі мақсаты – Алматының барлық аудандарында жайлы қалалық орта құру және өмір сүру сапасын арттыру.

Құжатты әзірлеу кезінде мамандар озық цифрлық технологияларды және әлемдік дизайн тәжірибесін (Space Syntax) пайдаланды. Модельдеу құралдары қала дамуының әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарын және олардың мобильділікке, жер құнына және адамдардың денсаулығына қалай әсер ететінін болжайды.

Бұған дейінгі Бас жоспар осыдан 20 жыл бұрын, 2002 жылы мақұлданған-ды. Алайда, ол қала қажеттіліктерінің өсуін ескермеді. Осы уақыт ішінде қала аумағы екі еседен астамға өсіп, жер көлемі 33898 гектардан 70348 гектарға дейін ұлғайып, сәйкесінше халықтың саны 2,1 млн адамға дейін артты. Алматы агломерацияның орталығына айналған соң оның экономикасының өзгеруі заңдылық еді. Қаланың екі есе ұлғаюы аудандардың әлеуметтік, инженерлік, көліктік және өзге де инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне теріс әсер етті.

Алдыңғы бас жоспарға түзетулер енгізу оны кешенді жетілдіре алмады, яғни құжат өзгерістерді ескермеді, өзектілігін жоғалтты және түбегейлі қайта қарауды қажет етті. Сондықтан өткен жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша қаланың 2040 жылға дейінгі іске асырылуының уақытша көкжиегін белгілей отырып, жаңа бас жоспарға қатысты жұмыс басталды.

ЖЕТІ НЕГІЗГІ БАҒЫТ

Жаңа бас жоспар Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасымен және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективалармен тығыз байланысты және оның жеті негізгі бағытына негізделген: *жайлы қалалық орта, орнықты экономикалық өсу, басқарылатын урбандалу, әлеуметтік тұрақтылық, цифрландыру,*



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛТЫ.

қауіпсіздік және Алматының «жасыл қала» атағын қайтару.

Жаһандық құжат тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық қала тұрғындары үшін инфрақұрылымы дамыған және қолайлы ортасы бар қолайлы мегаполис ретінде Алматының тұрақты, теңгерімді дамуын қамтамасыз етеді.

Жаңа бас жоспар агломерациямен неғұрлым тиімді байланысты үйлесімді мегаполисті, қала тұрғындары мен қонақтарының өмірі, жұмысы, бос уақыты үшін тартымды және жайлы орынды қалыптастыру үшін әлемнің жетекші қалаларының тәжірибесі мен практикасын ескере отырып, Алматының даму векторын белгілейді. Оның негізгі аспектілері мен алдыңғы құжаттардан айырмашылықтарының бірі – дамудың **моноцентристік моделінен арылып, қалада бес жаңа полиорталықтарды құру**. Олардың әрқайсысы өзін-өзі қамтамасыз ететін ауданға айналады және реттелетін урбанизациясы бар аумақтың тұрақты даму принциптері мен жағдайларын қамтамасыз етеді.

Жоспарлау кезеңінде барлық қажетті **тұрғын үй, әлеуметтік, инженерлік, көлік, цифрлық, коммерциялық және рекреациялық инфрақұрылым** қарастырыл-

ған. Осының арқасында **полиорталықтар** шағын және жайлы аудандарға, іскерлік және қоғамдық белсенділік орталықтарына айналады, қала тұрғындарының табысының ұлғаюы мен өсуіне негіз болады. Мәдени және тарихи маңызы сақталатын тарихи орталыққа да назар аударылады, бұл ретте кеңестік дәуір кезінде салынған шағын аудандарды ревитализациялау бағдарламасы жүргізіледі.

ЖАҢА БАС ЖОСПАР
МАҚСАТТАРЫ

– 188 жаңа мектеп, қолданыстағы оқу орындарына 12 қосалқы нысан және 65 емхана салу, 11 отбасылық-дәрігерлік амбулаторияны, 25 көпсалалы және 13 мамандандырылған стационарды модернизациялау;

– 2,4 мың шақырымға жуық сумен жабдықтау желілерін, 1,1 мың шақырым су бұру желілерін және 161 шақырым жылуды жабдықтау желілерін салу. Бұл шаралар коммуналдық жүйелердің сенімді және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қала тұрғындары үшін жайлылық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Желілерді жаңғырту бюджеттік инвестициялар және «инвестицияларға айырбастау тарифі» қағидатына

негізделген жаңа тарифтік саясат есебінен жүргізілетін болады;

– ЖРК, ЖАБ және метрополитенді қоса алғанда, жүрдек және жайлы қозғалыс үшін **жүрдек көлікті интеграциялаумен бағыттық желіні оңтайландыру**;

– 2030 жылға дейін Төле би көшесі бойымен 45 км ЖРК желісі, «Қалқаман» станциясынан «Барлық» станциясына дейін 5,2 км метро желісі салынады, төрт көлік-трансплантациялау торабы («Барлық», «Алматы-2», Шығыс және Солтүстік қақпасы) салынады. 2040 жылға дейін тағы 76 км ЖРК, 57 км ЖАБ және 7,8 км «Алматы-1» және «Алматы-2» метро желілері салынады. Осы шаралардың барлығы 2040 жылға қарай қоғамдық көлікті пайдаланушылардың үлесін 60%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Ал жеке көліктерді пайдалану 20%-ға төмендейді;

– 2025 жылға дейін қоғамдық көлікті экологияландыру үшін 1200 дизельді автобус газға және электр тартқышқа ауыстырылады, 2 жаңа газ автопаркі, 5 жаңа газ құю станциясы пайдалануға беріледі. 200 бірлікке троллейбус парк жаңартылады. 2025–2030 жылдар кезеңінде жеке және қоғамдық электр көлігі үшін зарядтау ин-

фрақұрылымы желілері құрылатын болады. Бұл атмосфераға зиянды заттардың шығуын айтарлықтай азайтады;

– экологиялық проблемаларды шешу үшін экологиялық ауқым кеңейеді, 2030 жылға дейін **жасыл аймақтардың жалпы ауданы 3 есеге, 1,3 мың гектардан 3340 гектарға дейін, ал 2040 жылға қарай – 3840 гектарға дейін** арта-тын болады;

– қала тұрғындарының **сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету** – Бас жоспар сейсмикалық белсенділігі 6 қабаттан аспайтын 10 балдық аймақтарда ғимараттар салуды шектейді. Бас жоспардың негізінде қалалық ғимараттар мен құрылыстарға жаңа сейсмоаудит жүргізіледі, сейсмикалық белсенділік жағдайында ықтимал салдарларды азайту үшін азаматтық объектілерді сейсмикалық күшейту бойынша қажетті шараларды қабылдауға көмектесетін тәуекелдер Картасы жаңартылады және т.б.

«КЕЛІСІП ПІШКЕН ТОН
КЕЛТЕ БОЛМАС»

Жаңа Бас жоспар қала құрылысын жоспарлаудың заманауи озық технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді. Қала тұрғындары үшін қолайлы, креативті экономиканы дамытуға қолжетімді, туристер мен бизнес-инвестициялар үшін тартымды қалалық ортаны қалыптастырады.

Еске салсақ, жаңа Бас жоспардың жобасы барлық қажетті келісу рәсімдерінен өтті. 2023 жылдың қаңтарында қаланың сегіз ауданының сарапшылары мен тұрғындарын шақыра отырып, бас жоспар жобасының бөлімдері үш күндік қоғамдық талқылаудан өтті. Алынған ұсыныстар мен түсініктемелер құжатты одан әрі жетілдіру кезінде ескерілді. Ағымдағы жылдың сәуір айында құжаттың жобасын Алматы мәслихатының депутаттары мақұлдады.

Ендеше, «келісіп пішкен тон келте болмас». Қоғамның көзқарасы мен мамандардың сүзгісінен өтіп барып, әзірленген құжат Алматы халқының өмір сүру сапасын жақсартады, әлем таныған әсем қалалардың қатарынан танылуға көмектеседі деп сенеміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдын АҚБАЙ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, сәулетші:

СЕРПІНДІ ЖОБА



Қала құрылысы кеңесінің мүшесі ретінде Алматының Бас даму жоспарын қалыптастыруға қала тұрғындарының қатысуы маңызды факторға айналғанын атап өткім келеді. Құжатта жобаны әзірлеудің әр кезеңінен түскен сарапшылар мен алматылықтардың 1400-ге жуық ұсынысы пайдаланылды. Көше кеңістігінің біркелкі дамымауы, әсіресе, қалаға кейіннен қосылған аумақтарда бұл мәселе Бас жоспардың басты тақырыптарының біріне айналды. Естеріңізде болса, 1978 жылдан бастап қалаға бірқатар жаңа аумақтар қосылды. Алайда, бұдан мегаполистің қажеттіліктеріне сәйкес келетін жолдардың тығыздығы өзгермеді. Қала ұлғайғанымен, Бас жоспар жолдардың тығыздығы мен байланыстың негізгі мәселесін шеше алмады. Соның салдарынан ұзақ жылдар бойына қалада экология, бақылаусыз урбандалу, тепе-теңдіксіз экономикалық белсенділік секілді көптеген проблемалар қалыптасты. Алайда, биыл қала тұрғындары жылдар бойы қордаланған мәселелерді шешетін Бас жоспарды жасауды қолға алды. Менің ойымша, бұл ең маңызды шешім. Өйткені, жаңа Бас жоспарды қабылдау экологиямен, қоршаған ортаның жайлылығымен, тұрақсыз экономикалық өсумен байланысты проблемаларды шешуге мүмкіндік беруге негіз болады, урбанизацияны бақылауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, табиғи орналасуына байланысты қаланың іс жүзінде табиғи және жеткілікті көлемде ауа алмасуы сирек құбылыс. Жеке автокөліктің шамадан тыс көбеюі қаламызды экологиялық апатты жағдайға әкелгенін атап өткім келеді. Қалыптасқан жағдайлар қала тұрғындарының денсаулығына орасан зор зиян келтіреді. Сондықтан мен жаңа Бас жоспарда қоғамдық көлікке басымдық беріп, бұл бағыттағы қызметтің сапалық деңгейін көтеруге, 15 минуттық қала мен полиорталықтың дамуы тұжырымдамалары қолданылатын кешенді шешім көзделгеніне өте қуаныштымын. Бұл шешім жеке автокөлікті пайдалануды азайтуға мүмкіндік берері сөзсіз. Ең бастысы, қала экологиясын айтарлықтай жақсартады.

Сондықтан Алматының жаңа Бас жоспарын өмір сүру үшін жайлы әрі қолайлы қалалық орта құруға бағытталған серпінді жоба деуге болады.

Сайран ФАЗЫЛОВ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстанның Құрметті сәулетшісі:

ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ
ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ

Алматының жаңа Бас даму жоспарының негізгі аспектілерінің бірі – жаңа тұрғын үй құрылысы кезінде қаланың орталық бөлігінің тарихи қалыптасқан кварталдық құрылысының сабақтастығымен байланысты болуы. Менің ойымша, бұл тәсіл мәдени және архитектуралық мұраны сақтау тұрғысынан маңызды әрі үйлесімді және жайлы қалалық ортаны құруға ықпал етеді.

Қазір Алматының тарихи орталығы ғана жайлы қаланың заманауи моделінің негізгі талаптарына сай келеді. Ол мектептер мен балабақшаларға, қоғамдық кеңістіктерге жаяу жету қолжетімдігін білдіреді. Бас жоспар аясында көлемі 160х250 метр кварталдардың параметрлері пайдаланылатын болады. Бұл өз кезегінде дамудың оңтайлы құрылымын, сондай-ақ бұрыннан бар кварталдармен үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Осылайша қалалық кеңістіктің

бірлігі мен тұтастығын сақтайды. Өздеріңіз білетіндей, соңғы онжылдықтарда қала негізінен тау бөктеріне жақын орталық және жоғарғы (оңтүстік) бөліктерде дамыды. Халықтың өмір сүру сапасының айырмашылығы және қаланың Райымбек даңғылынан жоғары және одан төмен бөліктерге бөлінуі ерекше байқалады. Өткен жылдың жазында басталған қалалық сауалнаманың алдын ала нәтижелері көрсеткендей, қала тұрғындарына әлеуметтік нысандар, қоғамдық кеңістіктер, балаларды дамыту орталықтары, үйірмелер, секциялар, спорт алаңдары жетіспейді. Коммерциялық нысандардың ішінде фитнес орталықтары, шығармашылық шеберханалар, отбасылық кафе-тер мен коворкингтер жеткіліксіз.

Бас жоспарда халықты сапалы білім беру және медициналық қызметтермен қамтамасыз ету үшін жаңа мектептер, оларға қосымша ғимараттар, медициналық мекемелер салу көзделді. Бес полиорталықтың әрқайсысында өз «тартымды нүктелері», белсенді және жайлы демалыс орындары құрылатын болады.

Маңызды құжат Алматының бәсекеге қабілетті, экономикасы және оның барлық тұрғындары үшін өмір сапасы жоғары, технологиялар мен инвестицияларды тартатын және туристер үшін тартымды халықаралық деңгейдегі жайлы және қауіпсіз қалаға айналыдыраы сөзсіз.



ФОРУМ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ:

Сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы, ТМД мемлекетаралық Статистика комитеті және Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі ЮНФПА мұрындық болған «Халық санағы: сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер» атты екі күндік халықаралық форум өтіп жатыр.

Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Молдова, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстаннан келген Үкімет, Ұлттық статистика қызметінің және халықаралық ұйым өкілдері мен сарапшыларын қоса алғанда, 140-тан астам қатысушы форум шеңберінде санақты жоспарлау, дайындау, өткізу және талдау жасау мәселелерін талқылауда. Сондай-ақ, келесі санақ раундын жоспарлау үшін 2020 жылғы санақ раундында алған тәжірибені талдап, саралауда.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Форум ашылуында сөз алған Ұлттық статистика бюросының басшысы Жандос Шаймарданов 2020 жылғы санақ раунды пандемияға байланысты ерекше өткенін және көптеген елдің жаңа технология шешімдерін іздеуге мәжбүр болғанын атап өтті.

– Бірқатар мемлекет өткен раундты ұйымдастыру барысында деректерді жинаудың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін геоақпараттық жүйелерді, планшеттерді пайдаланды, сауалнаманы онлайн тәсілмен жүргізді. Осы ретте цифрландыру үрдісі одан әрі жалғасатын болады. Жаңа дерек көздерін пайдалана отырып, ресми статистиканы жаңғырту міндетті талапқа айналады. Келесі раунд елдердің санақ жүргізуге жұмсалатын ресурстарды барынша азайтуымен және дәстүрлі форматтан бас тартуымен де ерекшеленуі мүмкін, – деді Ж.Шаймарданов.

Форум аясында сарапшылар халық санағының деректерін пайдалану және оларды ТМД елдерінде кеңінен тарату мәселелерін қозғады. Әлеуметтік-экономикалық талдау және болжау үшін деректерді пайдалану мүмкіндіктерін, сондай-ақ алдағы санақ үшін әдіснамаларды әзірлеу қажеттілігін және ТМД елдерінде статистикалық өндірісті арттыру мүмкіндіктерін зерделеді.

Халықаралық форумда талқыланған тақырыптар болашақ санақтың тиімділігіне ықпал етіп, нақты деректерге негізделген саясатты ілгерілетуге жаңа мүмкіндіктер береді деген үміт бар дейді ұйымдастырушылар. Бұл нақты және толыққанды деректерге негізделген әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсатты стратегияларын әзірлеуге және шешім қабылдауға мүмкіндік береді.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

СУ АСТЫНА САЯХАТ

Журналист мамандығын өзгертті

Алматы маңындағы «Әуежай» көлінде «Журналист мамандығын өзгертті» атты оқу-жаттығу өтті. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі Республикалық жедел құтқару жасағымен бірлесе отырып, сүңгуірлерді оқу-жаттықтыруға арналған баспасөз турының ұйымдастырды. Шара барысында Республикалық жедел құтқару жасағының сүңгуір-құтқарушылары түрлі жабдықтарды пайдалана отырып, құтқару және эвакуациялау, барлау және сүңгуір жұмыстарын орындау үшін арнайы дайындықты қалай жүргізетіні іс жүзінде көрсетілді.



Досбол
АТАЖАН

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Республикалық жедел құтқару жасағы Сүңгуір-құтқару жұмыстары бөлімінің басшысы Андрей Быбченко мұндай оқу-жаттығулар жыл бойы өтетінін және құтқарушылардың физикалық дайындығын сақтау үшін оқу-жаттығуларының ауадай қажет екенін атап өтті.

– Оқу-жаттығу, сүңгуірлік суға түсу – жыл бойы және жүйелі түрде өтіп отырады. Сондықтан біздің жігіттер үнемі бабында жүреді, әрі су астындағы жоғары қысымға және жабдықтар арқылы топтық жұмысқа бейімделеді. Қазір шомылу маусымы келе жатыр, сондықтан жаттығуларды жиі жасап отыру қажет. Біз тек сүңгуірлік су астына түсуді ғана емес, адамдарды құтқару жолдарын, қайықтан әрекет етуді де пысықтаймыз, – деді ол.

Сондай-ақ, маман суға батып бара жатқан адамды құтқару кезіндегі әрбір секундтың маңызды екенін айтады. Сондықтан құтқарушылар әрқашан жоғарғы деңгейдегі дайындықта жүруі керек дейді.

– Адамды аман құтқару үшін алдымен оқиғаны уақытылы байқау қажет. Көпшілік суға батып бара жатқан адам қатты айқайлап, белгі береді деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде мұндай жағдайда адам шошынып, суға кетіп қалса да, белгі беріп үлгерсе алмай жатады. Сондықтан құтқарушылар сақ әрі қырағы болуы керек. Олар адамның батып бара жатқанын көрсе, тез арада қайықпен жүзіп, оқиға орнына барады. Құтқару кезінде қайық оқиға орнына тоқтамайды, құтқарушы одан секіріп түсіп, батып бара жатқан адамға тез жүзіп барады да, қайыққа көтеріп, көмек көрсетеді, – деді А.Быбченко.

Басты назарда – командалық жұмыс

Тур барысында құтқарушылар «Әуежай» көлінде жаттығу жасап, құтқару жұмыстарының қалай жүзеге асырылатынын, суға батып бара жатқан адамды судан қалай дұрыс шығару керектігін көрсетті.

Құтқару операциясы бақылау

бағанасында тұрған құтқарушының суға батып жатқан адамды байқауынан басталады. Құтқарушы сүңгуірлер жылдам қайыққа мініп, сол бағытқа қарай бет бұрады. Бұл ретте қайық судағы адамға жақын келмейтінін айта кеткен жөн. Өйткені, жылдамдықпен келе жатқан моторлы қайық толқын жасап, оның суы адамды жауып тастауы мүмкін. Сондықтан қозғалыс барысында құтқарушы суға секіріп, батып бара жатқан адамның арқасынан келеді де, оны айналып келген қайыққа шығарып алады және көмек көрсету үшін жағаға әкеледі.

жабдықтар бар. Құтқарушы қарда жүретін көліктер мен квадроцикл сынды көліктердің барлығын басқара білу керек, – деді А.Быбченко.

Суға шомылу тәртібі бар

Шомылу маусымы қашан басталады деген сұраққа құтқарушылар барлығы ауа райына және су деңгейінің тереңдігіне байланысты екенін айтты. Сондай-ақ, құтқарушылар жабдықталмаған су айдын-



Айта кеткен жөн, баспасөз-сапары барысында жедел құтқару жасағының сүңгуір жабдықтарын киіп көру мүмкіндігі бізге де туды. Ауа толған баллонды арқамызға артып, бір сәтке сүңгуір ретінде суға түсіп көрдік. Алдымен байқағаным – бізге жеңіл деп берілген жабдық құтқарушылардың өздеріне жеңіл де шығар, бірақ күнделікті дайындығы жоқ адам үшін ауырлық қылады. Сондай-ақ, бой мен салмақтың маңызы бар. Егер денеге кенедей жабысатын костюм дұрыс тұрмаса, қол-аяқ ашық қалып, денеге су кіруі мүмкін. Ал суға түскен сәтте қозғалыстың баяу болуы маңызды екен. Жағадан суға жылдам кірем десең, аяғың балыққа батып не су асты балдырына байлануы мүмкін. Тағы бір байқағаным – су астында арнайы көзілдірігің болса да ештеңені анық көре алмайсың және ауа баллонынан кең кеудемен ауа жұту да қиын. Сондықтан өзге журналист жолдастар да, өзін де су астында 5 минуттан артық бола алмадық. Ал құтқару жасағының жігіттері мұндай күйде сағаттап жұмыс істеуі мүмкін.



Одан бөлек, жедел құтқару жасағы су астындағы арнайы операциялар үшін сүңгуір жабдықтарының 2 түрін қолданады. Бұл жабдықтарды тиімді пайдалану үшін оның қыр-сырын біліп, физикалық дайындықтың болуы жеткіліксіз. Басты назарда – командалық жұмыс. Сүңгуір-құтқарушыға арнайы киімді кемінде 2 адам кигізіп, беліне арқан байлайды да, суға түсіреді. Ары қарай осы арқанды пайдалана отырып сүңгуір жағадағы әріптестеріне Морзе кодымен сигнал береді.

– Бізде қазір сүңгуір жабдықтардың 2 түрі бар. Оның бірі – желдетілетін скафандр. Бұл ауыр жабдық бізге ағынды суларда, мұнай өнімдері тараған және химиялық ластанған суда жұмыс істеу үшін қажет. Жабдықтың жеңілдеу екінші түрі техникалық жұмыстарда, іздеу жұмыстарында кеңінен қолданылады. Яғни таза сулардағы жұмысқа арналған, – деді Сүңгуір-құтқару жұмыстары бөлімінің бастығы А.Быбченко.

5 кәсіпті қатар алады

Республикалық жедел құтқару жасақ мамандарының айтуынша, құтқарушы – бұл жан-жақты мамандық. Әр құтқарушы кем дегенде 5 кәсіпті қатар алады. Жасақ жігіті көлік механигі, сүңгуір әрі медициналық қызметкер болуы немесе альпинист, химиялық маман әрі сүңгуір болуы ғажап емес.

– Біз жасақтағы құтқарушыларды өзіміз дайындаймыз. Құтқарушы болам деп келген азаматтардың физикалық талаптарға сай келуі тексеріледі, одан кейін сұхбаттасудан өтеді. Бәрі дұрыс болса, сынақ мерзімі басталады. Жас қызметкерлер алдымен құтқарушы болуды үйренеді, содан кейін өзге мамандықтарды тандайды. Түптеп келгенде, ол кем дегенде 5 мамандыққа ие болуы керек. Бұл химия, газ түтінінен қорғау, сүңгуір мен альпинист, кинолог, кәсіби жүргізуші деген сынды кәсіптер. Бізде көптеген арнайы

дарында суға түспеуге кеңес береді. Адам аяғы көп баса бермейтін табиғи жағажайларда құтқарушылар болмайды. Сондықтан оқыс жағдайда уақытылы көмектесу мүмкін болмайды.

– Шомылуға жарамайтын жағажайлар аса қауіпті. Себебі, онда сізді бақылайтын құтқарушылар болмайды және онда керекті құрал-жабдықтар жоқ. Сондай-ақ, мұндай судың түбі несімен қауіпті? Сынған бөтелкелер, кабельдер, балық аулау торлары мен суасты балдырлары болуы мүмкін әрі су қоймасының тереңдігі каншалықты белгісіз, – деп түсіндіреді мамандар.

790 мың айыппұл салынды

Төтенше жағдайлар департаментінің дерегінше, Алматыда шомылуға рұқсат етілген төрт орын бар. Олар: «Сайран» көлінің батыс және шығыс бөліктері, сондай-ақ «Гүлдер» демалыс аймағы және Д.Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналының бойындағы «Баум» тоғайы. Есентай, Үлкен және Кіші Алматыға кіретін қаланың қалған су айындары мен таулы өзендеріне шомылуға тыйым салынады.

«2022 жылы жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде қала су айындарында адам өліміне жол берілмеді, 17 адам құтқарылды, оның ішінде 6-ауы балалар. Судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында департаментпен мамыр айына арналған бірлескен рейдтердің жоспар-кестесі бекітілді, оған полиция қызметкерлері, ҚР ҰК әскери қызметшілері, құтқару қызметі мен РЖҚЖ құтқарушылары, сондай-ақ еріктілер тартылады», – деді ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есбол Сұлтанов.

Өткен жылы бірлескен жұмыс барысында 63 адам жауапқа тартылып, 790 мың теңге көлемінде айыппұл салынған.



САРАПТАМА

Түркиядағы сайлау: КЕЛЕСІ ПРЕЗИДЕНТ КІМ?

19 мамырда Түркияның Жоғары сайлау комиссиясы президент сайлауының бірінші кезеңіне қатысты соңғы нәтижені жария етті. Онда Режеп Тайып Ердоған 49,52 пайыз, Мухаррем Инже 0,43 пайыз, Кемал Кылычдароғлы 44,88 пайыз және Синан Оған 5,17 пайыз дауыс жинағаны мәлімделді. Нәтижеде ешбір үміткер абсолютті басым көп дауысқа ие бола алмағандықтан, ең көп дауыс жинаған Ердоған мен Кылычдароғлы арасында 28 мамыр күні сайлаудың екінші кезеңі өтетіні белгілі болды. Түрік жұртындағы саяси науқанға қатысты сарапшыларды пікірге тарта отырып, келесі президенттің кім болатыны жөнінде болжам жасап көрдік.

Батыс елдері Кылычдароғлын жақтай ма?

Кылычдароғлы өзінің тебінді саяси жарнамасына қарамастан, бірінші кезеңде Ердоғаннан 5 пайызға жуық дауыс паркымен ұтылып қалды. Бұның нақты себебі не деген сауалға халықаралық қатынастар жөніндегі сарапшы Айнуэр Ноғай: «Пандемия, кейінгі экономикалық қиындықтар, жоғары инфляция, сонымен қоса зілзала салдары халықтың жағдайын төмендетті. Бұл Ердоған билігіне деген сенімді де азайтты. Алайда, халық бұл проблемаларды жаңадан келетін альянс өкілдері емес, Ердоған шеше алады деген сенімде екенін көрсетті», – деп жауап береді.

Алдын ала жасалған сауалнама нәтижелері Кылычдароғлының жеңетінін көрсеткен еді. Республиканың негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрік құрған Республикалық Халық партиясының үміткері әрі оппозициялық альянстағы алты бірдей партияның ортақ кандидаты болған оның саяси беделі де жоғары еді. Оның жеке басының қарапайымдылығы, елді өзгертуге деген өткір ұсыныстары тиісті қолдау тапты. 14 мамырға дейін сайлауға қатысты батысты ақпарат құралдарындағы мәліметтерде Кылычдароғлына басымдық берілгені байқалады. ВВС секілді ірі ақпарат құралдары «Реформатор ма, әлде диктатор ма?» деген тақырыпта Ердоғанның билік дәуіріне түрлі бағалар да берді. Оның Республикалық халық партиясы және өзге оппозициялық партиялардың ортақ өкілі болуы да белгілі жарнамалық ықпалға ие етті.

Ал Кылычдароғлының транзиттік дәлізге және Ресейге қатысты мәлімдемелері елдегі саяси науқанға жаңа рең берді. Тіпті, оны батысшыл саясаткер етіп көрсетуге негіз болды. Шындап келгенде, Еуропа елдерінің жаңа кандидатқа үміт артуының өзіндік себептері бар. Бірінші кезекте, Ердоғанның 20 жыл билікте болуы және елді парламенттік жүйеден президенттік жүйеге өзгерткені демократиялық әлемге ұнамасы белгілі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетінің аға оқытушысы, сарапшы Нұрат Ілияс бұны былай талдап көрсетеді: Біріншіден, ол Ататүрік құрған партияның, яғни солшылдардың өкілі. Еуропа елдері өзінің іргесінде ғана тұрған Түркияның діни емес, зайырлы мемлекет болып қала бергенін қалайды. Ердоған тұсында Түркияның діни тұс алуы Батыс елдеріне ұнамады. Екіншіден, Ердоған Сирия, Жерорта теңізіндегі газды игеруде, босқындар мәселесі секілді даулы істерде ЕО-мен кәдімгідей тіресті. Грекиямен де қайшылығы бар дегендей. Бұларға қоса, Ыстамбұлдағы үлкен әуежай арқылы Батыс Еуропа елдерінің әуе жолдарын өзіне бұрып алды. Тағы бір себеп – Украинадағы соғыс. Батыс бұл мәселеде Түркияның түбегейлі өз тарабында тұруын қалайды. Алайда, Ердоған Ресеймен бұрынғы қарым-қатынасын сақтап қалды», – дейді сарапшы.

Кім жеңуі мүмкін?

Дау жоқ, ел болашағы мен лидерін түрік халқы өзі таңдайды. Екінші кезеңдегі сайлау науқанына бір аптаға жетпейтін уақыт қалды. Осыдан-ақ Түркиядағы дәл қазіргі саяси температураны қаншалық жоғары екенін елестете беріңіз. Қос тарап та алдыңғы кезеңде жеңіліс тапқан өңірлердегі сайлаушылармен жұмыстың тебінін арттырған. Түркия және өзге елдердегі БАҚ-тың көзімен қарайтын болсақ, екі үміткердің командасы да келесі саяси бәйге үшін барын салуда. Тіпті, мүдделі мемлекеттер мен мәдени байланыстары терең түркі тілдес елдердегі көзқаракты жұрт та көз салып тұр.

Жоғарыда атап өткендей, сарапшылар оппозицияның алғашқы кезеңде жеңіліске ұшырауы, оның келесі кезеңдегі жеңісіне деген күмәнді күшейтті. Бірақ соңғы нәтиже қалай боларын ешкім дәл болжай алмайды, бұл тараптардың екі апта ішіндегі электраратты өзіне тартудағы іс-әрекеттеріне байланысты. Сайлау науқаны жақындаған сайын біз Түркиядағы саяси тартыстың күшейе түсетінін сеземіз. Өйтсе де, сайлау нәтижесіне шешуші әсер ететін бір адам бар.



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

Ол – алдыңғы турда 5 пайыздан аса дауыс жинаған Синан Оған.

Сарапшы Н.Ілиястың пікірінше, оның дауысты қай жаққа беруі келесі президентті анықтайды. Былайша Ердоған мен Кылычдароғлының қайсысы онымен келісімге келе алады, жеңіс көбірек сол жаққа бұрылады. Сарапшының пайымдауынша, Синан Оған Ердоғанға оппозиция немесе қарсылас болып келгенімен, келісімге келудегі тәжірибесін, ұтқырлығын ескерсек, бұл жағында да басымдық Ердоғанда болуы мүмкін.

Осы қатарда А.Ноғай ханым да: «14 мамырдағы сайлау бізге түрік халқы Ердоғанның саясатын және бағдарламасын қолдайтынын көрсетті. Әрине, сайлаудың екінші кезеңі маңызды, бірақ көп нәрсені өзгертпейді деп ойлаймын», – деген пікірін жеткізеді.

Осының бәріне қарамастан, Кылычдароғлы мейлінше өтімді тәсілдерді қолдана отырып, сайлау нәтижесін өз пайдасына шешуі де ғажап емес. Оған жаңа шарт та түзіліп жатыр. Айталық, бір күн бұрын елдің алтын-валюта қоры 17 млрд долларға тағы да қысқарды, лираны тіпті де құнсыздандырып жіберді. Бұл өз кезегінде Ердоғанның қаржылық саясатына деген сынды тіпті де өршітіп, сайлау нәтижесіне де әсер етуі, оппозицияның басымдығына күш қосуы да мүмкін. Егер солай болса, Түркиямен еліміздің және өңірдің қарым-қатынасы қалай болуы мүмкін деген сауал туады.

Жаңа билік келсе қазақ-түрік қатынасы мен түркі интеграциясына қалай әсер етеді?

Бұған қатысты сарапшылар пікірі әртүрлі. Бірі кері әсері бар десе, бірі мүлде әсері болмайды, байланыстар қалыпты сақталып қалады дейді. Десе де, оппозицияның сайлауалды бағдарламасында «Түркі елдер ұйымымен қатынастарды нығайтамыз» деген шолақ сөйлем ғана бар. Керісінше, Кылычдароғлы транзиттік дәліз бойынша түркі әлемімен байланысы жоқ қартаны көрсетті, бұның бәрі алаңдауға негіз болатындай еді. Ресейге қатысты мәлімдемесі де көп талқыланды.

Осы жайында А.Ноғай былай дейді: «Оппозицияның сайлауалды бағдарламасы мен лидерінің кейбір мәлімдемелері ол билікке келген жағдайда Түркияның көпвекторлы саясатынан айырылып, Батысқа бет бұратынын көрсеткендей болды. Бұл Орталық Азия–Түркия өзара қатынастары үшін ғана емес, Орта Азияның жолдарын бұғаттауға саяды. Елдеріміздің сыртқы нарыққа шығуында Ресей және Түркия бағыттары маңызды. Яғни Кылычдароғлына салсақ, бізге тек шығыс бағыт ғана қалатындай. Ал оппозиция альянсынан Әли Бабажан елінде дамып келе жатқан әскери өнеркәсіпті сынға алып, Қазақстанмен келіскен «Анка» дрондарын шығару жобасының іске асырылуына күмән келтіреді».



Пікірге тартқан тағы бір сарапшы Н.Ілиястың бұл жөнінде пікірі басқаша. Ол сөзінде: «Жаңа билік келсе де бұл жағында үлкен өзгерістер бола қоймайды. Себебі, Түркия қанша тырысқанымен, ЕО оған есігін ашпасы белгілі. Бұл арада босқындар ағыны және қауіпсіздікке қатысты мәселелер бар. Ал НАТО және АҚШ-пен онсыз да мәмілесі жақсы. Сырттай салқын

көрінгенімен, шын мәнінде олай емес. «Түркі мемлекеттерінің бірлігі» деген енді өте ұзақ мерзімдік жоспар. Оны Түркия жәймендеп Орта Азияға қатысуын арттыруға қолданады, біз үшін де бұл басқа сыртқы күштерге қарсы көрсетуге тиімді болып тұр», – дейді.

Кезінде Ататүріктің «Кеңес одағы ыдырағаннан кейін бауырлас түркі елдері дербестігін алады, біз соған дайын болуымыз керек» дегенге саятын пікірі Түркияның өзге түркі елдеріне қаратқан сыртқы саясатының негізін қалыптады. Қазақстан–Түркия қатынастарының тарихынан қарағанда, Тұрғыт Өзал, Сүлеймен Демирел, Ахмед Неджат Сезер, Абдуллаһ Гүл және Режеп Тайып Ердоған секілді президенттер тұсында да Ататүрік салған жолдан ауытқи қойған жоқ. Дипломатиялық тарихтың бұл нақты айағы да Түркия билігіне кім келсе де, екіжақты қатынастардың бағыты өзгеріп кетеді деген алаңдаушылықты жоққа шығаратындай.

ОРТА АЗИЯ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ: Аймақтағы күштер теңгерімінде Түркияның рөлі қандай?

Түркияны Орта Азияға ықпал етуші сыртқы аймақтық күш ретінде бағалау Қарабақ соғысынан кейін тіпті күшейді. Түркияның саяси жағдайына қатысты біздің қоғам өкілдерінің белсенді көңіл аударуы да соның бір көрінісі. Дегенмен, сала мамандары Түркияның аймақтағы ықпалы мен күштер теңгерімін сақтаудағы рөліне байланысты ортақ пікірде емес.

Айталық, сарапшы Айнуэр Ноғай ханым: «Қазақстанды қамтыған Орта Азия тұрғысынан күштер теңгерімінің сақталуында Түркияның маңызы өте жоғары. Аймақтық күш ретінде Түркияның Қазақстанның егемендігі мен шекаралардың мызғымастығына кепілдік беруі бекер емес. Геосаяси жағдай қиындаған кезде Түркияның аймаққа қолдау көрсетуі өте маңызды. Себебі, Түркияның қазірге дейін ұстанған көпвекторлы саясаты бізге өте тиімді, – десе, ҚазҰУ Шығыстану факультетінің аға оқытушысы, шығыстанушы Нұрат Ілияс Түркияны аймаққа әсер етуші ойыншы ретінде санамайды: аймақтағы үлкен ойыншылар қатарына Ресей, АҚШ, кейіннен Қытай қосылып жатыр. Түркия тек Түркі мемлекеттер ұйымы арқылы ғана байланысты дамытып отыр. Бірақ бұның өзін АҚШ-тың аймақтағы әрекеті есебіне жатқызуға болады. Ал Түркияның Орта Азиядағы күштер теңгерімінде айтарлықтай рөлі бар деп айту қиын. Екіжақты сауда көлемі де салыстырмалы төмен деңгейде. Әскери саладағы ынтымақтастықтар айтылғанымен, бұл да шешуші рөл дей алмаймыз. Ресей аймақта саяси вакуумда басымдыққа ие болса, Қытай экономикалық байланыстарда алға өтуде. Ал Түркиямен тек мәдени, білім алу салаларында байланыспен шектелуде», – дейді.

Қалай деген күнде де, Түркия елімізбен және аймақтағы бірқатар елмен терең тарихи, мәдени байланыстарға ие бауырлас жұрт. Олардың алдағы саяси тағдырына қатысты мәселелерге біздің қоғам өкілдерінің назар аударуы да заңды. Бұл ретте Қазақстанның және оның қауіпсіздігі мен тұрақтылығына тікелей саятын аймақтың мүддесі алдыға шығарылуы маңызды. Алдағы сайлау нәтижесіне қарамастан, еліміз бен түрік жұрты арасындағы сенімді, тату әрі бауырластық байланыстар сақтала береді деп сенеміз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БАЙҚАУ

ӘЖЕЛЕР САХНАНЫ СӘНГЕ БӨЛЕДІ

Шаһарда алғаш рет «Асыл әже-Almaty» сайысы өтті

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Оған жасы 61-ден асқан, немере-шөберелі 12 апа қатысты. Олар – әуелі қаланың барлық ауданында жұмыс істейтін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында өткен байқауларға қатысып, сол сыннан оза шапқандар.

Байқаудың мақсаты – қарттарды қоғамдық іс-шараларға тарту, жастардың назарын аға буынға аудару, әжелердің белсенді өмірін көрсетіп, кейінгілерге үлгі етіп, отбасылық дәстүрді, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, насихаттау. Өнерлі, көңілді, сергек апалардың сайысын Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен қаланың «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы мен «Қазақстан композиторлар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Әжелер сайысына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем НҮСПОВА да қонақ болып келіп, аналарға деген ізгі ниетін білдірді.

– Осынау ғажап байқауға қатысып, шығармашылық қабілетін ортаға салып отырған біздің қадірлі әжелер! Сіздер қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, бүкіл ұлағатын сақтап келе жатқан, бәрін сол қалпында бүгінгі күнге жеткізуші аға буын өкілісіздер. Сіздер осындай белсенді іс-әрекеттеріңізбен жаңа ұрпаққа үлгі бола отырып, бәрімізді денсаулықтың, өмірдің қадірін білуге шабыттандырып, қаламыздың тыныс-тіршілігіне бей-жай қарамай, әрдайым белсенді болуға шақырасыздар. Біздің өмірімізде осындай әдемі де аяулы әжелердің болғаны үшін қуаныштымыз. Баршаңызға мәнді де ұзақ ғұмыр тілеймін, – деді қала әкімінің орынбасары Әсем Бекқызы.

Шығармашылық байқауда әжелер «Визит карточкасы» (өзін таныстыру), «Аспаздық шеберлік», «Ән, би нөмірлері» және «Сымбатты әжелер» (кешкі сән үлгісі) номинациялары бойынша сайысты.

Бұрын «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Келіндер сайысы» дейтін байқаулардың өтетінін білуші едік. Енді сахнаға әдемі әжелер де көтеріліп, байқау төріне шықты. Нақтырақ айтсақ, Алматыда алғаш рет «Асыл әже-Almaty» шығармашылық сыны өтті.



Апалар ұсынған видеороликтерде балалары, немерелері ана-әжесінің қандай жан екенін, күнделікті өмір сүру салтының қаншалықты мағыналы екендігін, өздері үлкен кісіні қалай жақсы көретінін жарыса айтып, тақпақ арнап, қуантып жатты. Әжелердің бәрі көрермен қауымға ән салып, ерекше би билеп бергенде, танданбаған ағайын қалмаған шығар. Мәселен, 4 немере, 1 шөберенің аяулы әжесі Баян Жанұзақова ортаға жұбайын шақырып, екеуі әсем әуеннің ырғағымен әдем вальс биледі. Ал 6 немеренің апасы

Мафруза Нұртазина қазір тыңдармандар арасында ең танымал болып саналатын «Таптым-ау сені» деген хит әнді виолончель аспабымен орындап шыққанда, көрерменнің бәрі сүйсінді десек, қателеспеспіз. «Қызыл өрік» әніне қосылып мың бұрала билеген, тіпті куба, ұйғыр, «Клеопатра» биін билеген, сондай-ақ мәнерлеп, жүрекпен өлең оқыған апаларға қол соқпаса амалыңыз қалмас, себебі, бәрі жарасымды, бәрі әдемі орындалды. Ең «тәтті» сайыста әжелеріміз қазылар алқасына өздері дайындаған ас мәзірін ұсын-

ды. Үлкен астауға салынған ет те, тәбетті шақырар сірне, қуырдақ, палау, бауырсақ та, бәліштің түр-түрі де болды. Штрудель, пигоди, чизкейк, ірімшік тағамдары да ұсынылды. Екі аққудың бейнесінде әзірленген тәтті пирогқа да көз тойды.

Ал әжелердің кешкі салтанатқа арналған көйлектері олардың өнерін де, әдемілігін де үстей түскендей болып көрінді бізге. Өнер мен мәдениет саласы мамандарынан құралған қазылар алқасына үздікті анықтауға оңайға тимегені анық. Қартайдым деп отыра беруді жөн көрмейтін, белсенді, салауатты өмір салтын ұстанатын, үнемі қимыл-қоғалыста жүретін сергек апалардың өнерін бірібірінен бөліп жаруға болмайтындай, бәрі әсерлі шықты. Біз мұны залда отырып түгел көрген көрермен ретінде анық айта аламыз. Байқау қорытындысы шығарылғанша сахнада «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының ата-әжелерден құралған ансамбльдері ән салып, би биледі. Жастар да ән-жырдан шашу шашып, мерекені жандандыра түсті.

Сөйтіп, «Асыл әже – Almaty» шығармашылық байқауында 12 апаның әрқайсысына жеке-жеке номинация тағайындалып, бәрі бағалы сыйлыққа, тәттілерге ие болды. Атап айтсақ,

– Құралай Әшімханова – «Заманауи әже»;
– Мырзахан Құныпияева – «Өнегелі әже»;

– Нина Мурзина – «Берекелі әже»;
– Баян Жанұзақова – «Нәзік әже»;
– Роза Раздыкова – «Шебер әже»;
– Любовь Чукинова – «Өнерлі әже»;
– Мафруза Нұртазина – «Дарынды әже»;
– Ғайниқұл Қайсенова – «Әсем әже»;
– Сәуле Мұқанова – «Сымбатты әже»;
– Людмила Хван – «Сүйкімді әже» ата-нып, бастарына тәж киді.

Сайыстың жасы ең үлкен қатысушысы – 81 жастағы Галиба Катекова «Көрермендер көзайымы» деген атақты жеңіп алса, «Асыл әже – Almaty» Гран-Приін 62 жастағы Гүлнар Құнанбаева иеленіп, сыйлыққа плазмалық теледидар алып, мерейі үстем болды. Сөйтіп, әжелер сайысы өмір қай жаста да әдемі, көркем екенін тағы бір дәлелдеді.





ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

Ұлттық ойындар ұмытылмауы тиіс!

Қазақтың ұлттық ойындарын зерделеу уақыт талабы. Оны келешек ұрпаққа аманаттап қалдыру – басты парызымыз. Себебі, бүгін ат-қарылмаған іс ертеңге мұра болмайды. Сондықтан қазақтың рухани діңгегі мықты болсын десек, жақұт жәдігерлерімізді сақтай білейік.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақ көпті көрген халық. Аштық пен зобалаңнан да өтті. Осы ойды ұдайы айтып, ұрпақтың есіне салып отыруға тиіспіз. Сондай тар жол, тайғақ кешуден өтсе де, өзінің рухани өзегінен ажырай қоймады. Патша өкіметі қылышынан қан тамған Кеңес кезеңінде де, ұлттық руханиятқа сусындаған ұлы тұлғалар ұлтты сақтауға барынша тырысты. Оқулық жазды. Көркем туынды түсірді. Тарихи орындарды жаңғыртуға шама-шарқынша үлес қосты. Соның арқасында қазақ өз дербестігін алған шақта асыл мұраларды жандандыруға үлес қосуын үдете берді.

Қазақ тәрбие мен тағылымды бәрінен биік қойған ұлы халық. Адамгершілік, адалдық ардың ісі деп білген. Біздің дүниетанымға әбден сіңген мінезді өз перзентіне берудің жолын тапқан. Яғни талбесіктен жер бесікке дейінгі аралықты ойынмен ұштастырған. Ойын арқылы ойға алған ісін айтқан, мәселені түспалдаған, күрмеулі нәрсенің түйінін таркатқан. Бұл ойынның жалпыадамзаттық һәм феномендік күші болса керек-ті.

Алтын діңгектен айнамайық

Халқымыздың көзқарасында ұлағатты сөздердің орны айрықша. Соның бірінде «Үяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп тәмсілдейді. Көріп тұрғандарыңыздай, жүрекке жылы, көңілге медеу беретін ойдың астарында біраз сыр тұнып тұрғаны айқын.

Сайын даланың төсінде жартылай көшпелі ғұмыр кешкен халқымыздың рухани тамыры тереңге бойлаған. Яғни баланың ойнап өскен ойындарына бір сәт зер салайықшы. Тұнып тұрған тәрбие. Мысалы, қазақ үйдің ішінде саздан түрлі кейіптегі мүсін жасайды. Бұл дегеніміз, баланың зейінін арттырады. Фантазиясын жетілдіреді. Еңбекке баулиды. Мүсін жасап ойнап өскен бала ержеткенде кәдуілгі мүсіншіге айналатыны анық. Әкесінің жанында жүріп қамшы өруді, домбыра жасауды, торсық тоқуды, етік тігуді, темір ұсталығын көріп-біліп өседі. Аталған шаруаға бала кезінен араласып-құраласып өскендер есейгенше оның қыр-сырын біліп шығады. Бір қарағанда ойнап жүрген баладай көрінеді. Шын мәнінде бала қолынан іс келетін үлкендердің жанында жүрсе, талай дүниені игеретіні анық.

Ойын – тәрбие құралы. Қандай ойынға бала әуес, демек болашақ бейімі соған жатық деген сөз. Нендей ойыншықты тәуір көреді, содан-ақ бүлдіршіннің икемі байқалады. Психологтар пікірінше, екі нәрсе бойында қалыптасқандар озатын көрінеді. Біріншісі – қиял-дай алу. Екіншісі – бір нәрсені жазып-сызып, хатқа түсіре білу екен. Яки, осы қасиет қатар



ұштасқандар келешекте көптеген жетістіктерге жететінге ұқсайды. Сондықтан да балаларымыз ұлттық ойындарымызға бейім болса, соған лайықты жағдай жасасақ, жаһандану үдерісіне жұтылып кетпесіміз ақиқат.

Қазіргі жастар салт-санадан алшақ дейді. Әр нәрсенің қадірін білмейді, істің байыбына бармайды деген сөзді құлағымыз шалады. Бәлкім, бір жерлерде орынды болар. Біздіңше, жас адамды тәрбиелей алатын арнайы ұлттық орталықтар керек. Баланы балабақшадан бастап қазақы менталитетке баулу қажет. Ұлттық құндылықтармен сусындап өсуі шарт. Өзгеше ойламайтын, өзге жұрттың тілінде түс көрмейтін ұрпақ керек. Ол үшін өзіміздің қандай құндылығымыз бар – соны дәріптейік.

Ұлттық ойыншық керек

Өз ұлтының руханиятына терең бойлау туралы жиі айтамыз. Алқалы жиын, «дөңгелек үстел» өткіземіз. Конференция ұйымдас-тырамыз. Мұның бәрі жақсы. Бірақ дәп қазіргідей сәтте бала ойнайтын қазақы ойын-шық жасау өндірісін қолға алу қажет.

Бүгінде шетелдің самсаған ойыншықтарына тандай қағамыз. Бәрі пластикалық заттан істелген. Құрамына химикат қосылған. Кейбірі экологиялық тұрғыда таза емес. Сәби кезінде түрлі сылдырмақты қолына береміз. Ал ол аузына салады. Тістейді. Алайда, әлі есі кірмегендіктен, не істегенін білмейді. Кейбірі қолына телефон беріп жұбатады. Бұл да өзінше бір мәселеге айналды.

Бұрын бәріміз ауылда өстік. Сонда қазақы тұрмыстың шет жағасын көрдік. Бала болып доп қуалап өстік. Бірақ үй шаруасынан алшақтамадық. 2000 жылдары әжеміз базарға текемет сатты. Оны алдын ала дайындайтын. Бояуын сатып алып, қайнататын. Киіз басуға көрші-қолан жиналатын. Біз, балалар, оралған затты аяқпен, қолмен басып, мәз болатынбыз. Арасында су шашып ойнап

кетеміз. Сөйтіп, әжемізге еріп барып, базарға сататынбыз. Қыздар жағы анамызға үй шаруасына көмектеседі. Есте қалғаны, әртүрлі формада күрт жасайтын. Шешейдің қолынан шыққан күрттың өзі бөлек-тұғын. Ал әпке-қарындастың жасағаны басқаша еді. Үлкендер үшін бұл еңбек, ал балаларға бір ойын-сауықтың бастауындай сезілетін. Жиналғандарға соңында шәй беретін. Апыл-ғұпыл тамақтанып, балалар жағы ойынға кірісіп кететінбіз.

Бала кезде көршінің үйіне көп баратынбыз. Бүгінгідей смартфон болмады. Қоңсылар да ашық-жарқын. Сонда Сағынтай есімді жасы бізден 3-4 жас үлкен ересек бала болатын. Қолынан келмейтін өнері жоқ-тұғын. Сымнан жүк көлігі, жеңіл көлік, трактор бәрін жасайтын. Әспеттеген сайын әдемі шығатын. Өзі ұсталыққа бейім еді. Спортпен шұғылданатын. Турник, брусья түрлі әдіспен ойнағанда шеберлігін танытатын. Қолының ыңғайы бар балалар Сағынтайға ұқсауға тырысатын.

Бұрынғының әңгімесін айттық. Ол шақта ел еңсесі енді тіктеліп келе жатқан кезең еді. Қарық болған ойыншық болмады. Бұрынғылар ағашты, төрт түлікті, темір-терсекті ойынға айналдырып ойнады. ХХІ ғасырда жаңа технология жетілген сайын жетілу үстінде. Қазақы кейіптегі ойыншықтар – қой, жылқы, түйе, қуыршақ сынды, т.б. аты-заты ұмыт болған кейіпкерлер бар. Соларды жаңғырту керек. Мейлінше, өзіміздің ойыншықтарды патенттеп алайық. Ертеңгі күні сырт елдің компаниялары рұқсат алып алса, қиынға түседі. Сол себепті де, қазақтың өзіне ғана тән ойыншықтарын жасап, шығарып сатып, нарықтық экономикаға бейімдейік.

Ойын-сауық көңіл жадыратады

Көшпенді халықтың өмір-салты отырықшылықтан сәл өзгеше. Үнемі қимыл-қозғалысты талап етеді. Төрт мезгілдің құдіретін

біледі. Табиғатпен тікелей байланысты. Ата-бабаларымыз кең жазира далада ат жалын тартып мініп, күш сынасып, ой-зеректігін арттырып, түрлі ойын-сауық мейрамдарын жасаған.

Қазақ ойын-сауықты жақсы көреді. Аспаннан жай түсіп жатса да, мұқалмаудың жолын іздеген. Қайғының артын қуанышқа ұластырған. Бір ғана детальді айтайық. Наурыздың орны айрықша. Бұл мерекеде жан-жақтан жұрт нөпірі жиылады. Наурыз көже таркатады. Ат шаптырады. Бәйге өткізеді. Көкпар тартады. Сөйтіп, жылдың бас мейрамы шат-шадыман көңіл күймен қарсы алынады.

Ойын-сауықтың адам баласына берер пайдасы зор болған. Ертеректе жастардың өзіндік көңіл көтеру кеші жасалған. Осы бағыттағы бірқатар ойындар әлі де бар. Дәлірек, «аксүйек», «шығ тастау», «орамал тастау», «сақина жасыру», «садақ ату» және т.б. Мұнда жастар бас қосып, қараша үйдің қасында немесе үлкендер үйде болмағанда үйде жиналған. Тіпті, кейбірін кешқұрым ойнайды. Сөйтіп, жастар өздеріне ойын-сауық ортасын қалыптастырған.

Ойынның адам баласына берер пайдасы өте көп. Көңілді жадыратып қана қоймайды. Сонымен бірге, түрлі функция атқарады.

Нақтырақ:

- Жақсы әсер етеді.
- Көңілді серпілтеді.
- Эмоцияны шығарады.
- Зейінді арттырады.
- Күш-қуатты жандандырады.
- Құлшыныс артады.

Ойынның адамзатқа кәделі іс екендігін ғалымдар әлдеқашан байқаған. Әйгілі этнограф, тарихшы, әдебиетші, фольклортанушылар ойынның өмірмен біте қайнаскандығына тоқталған. Қазақ даласына саяхаттаған ертедегі саяхатшылар Плоно Карпини, Вильгелм Рубрук ойынның көшпенділер ғұмырнамасында бей-жай қаралмайтындығын ұғынған. Арнайы жазбалар жазып алған. Еуропаға апарған. Сонда жариялаған. ХХ ғасырда Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынұлынан бастап, берісі Әбубәкір Диваев, Базарбек Төтенасов, Шәкір Ыбыраев және Кенжехан Ісләмжанұлы сияқты ғалымдар ойынның феномендік құбылысын, қасиетін терең түсінген. Сондай-ақ, ойын туралы жинақ құрастырған. Монография, арнайы ғылыми мақала, тарау жазған. Біз айтпай кеткен қаншама зерттеуші баршылық. Орта ғасырлық ойшыл Махмұт Қашқари, нидерландық мәдениеттанушы Йохан Хейзинга ойын туралы іргелі еңбектер жазып қалдырған. Демек, ойынның өзі бірнеше жанр мен түрге бөлінеді. Оны тереңірек зерттей түсу әлі де өзекті болып тұр.

Ойын-сауық деп аты айтып тұрғандай, кез келген ас, үйлену немесе жиын-той ойын-сыз, әзіл-қалжыңсыз өтпейді. Фольклортанушы ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы «Ойында бұйрық жүрмейді. Ойын өмірдің ажырамас қастерлі бөлшегі» деген тұшымды ой білдіреді. Расында, әрбір мейрамның өзі ойын. Қазақ тұм құрығанда «ойымен ойнап отыр» деп айтқан. Осыдан-ақ, ойын феномені деген астарлы тұжырым құралады.

Ойын-сауық бар ортада ойын жүреді. Ел арасында «Езуінде әзілі жоқтын, қойнында қолшоқпары жүреді» дейді. Демек, ойынның функциясын айқындайтын, ол – әзіл-қалжың. Бір сөзбен айтқанда, қысқа ғана ғұмырда сіз-біз десіп, шат-шадыман сыйласып өткенге ештеңе жетпейді.



P.S. Сан ғасырлардан бері ойын тәрбие мен тағылым құралы болып келді. Әрбіріміз баламыздың қандай іспен шұғылданып, нені ойнап, не қойып жүргеніне зер салайық. Сонда біраз дүниенің байыбына барамыз. Қажетін аламыз, қажетсізін қалдырамыз. Мүмкін рухани жұтандыққа бой алдырмаспыз. Шуақты күндер һәм игі істеріміз көп болсын, ағайын!



● ТІРШІЛІК КӨЗІ

ТАМШЫ СУДЫҢ ТАҒДЫРЫ

Сапалы ауызсумен қамту қайтсе жақсарады?

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен еліміздің Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігіне баса мән берілді. Осы жиында су қорын ұрпаққа сақтау маңызды міндет екендігі, су қауіпсіздігі саласында қауіп-қатер деңгейінің артып келе жатқандығы айтылды.

**Айнабай
МӘДІ**

Осы міндеттер суды пайдалану мөлшерін есептеу, мониторинг жүргізу, болжам жасау ісін цифрландырудың маңызын айқындап отыр. Су – тіршілік көзі. Мемлекет басшысы Үкіметке экология және су салаларындағы ғылыми және кадрлық әлеуетті арттыру үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырып, бұл мәселенің өзектілігін ескертті. Алқалы жиында аталған мәселенің нәтижесінен туындайтын сапалы ауызсудың қолжетімділігі су қауіпсіздігінің басты көрсеткіші екендігі айрықша айтылды.

«Халықты ауызсумен қамтамасыз ету және су қорын келешек ұрпаққа сақтау үшін жан-жақты шаралар қабылдау – біздің тікелей міндетіміз», – деп атап өтті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әлбетте, су шығынын азайтуда жүйелі тәсілдер қажет. Көл-тоғандардағы су қоры шексіз емес, сондықтан үнемдей білу керек. Барынша су шығынын азайту экономикалық тұрғыдан қолайлы. Су үнемдейтін технологияны енгізу мен суды тиімді тұтынудың орны бөлек. Осы ретте алып шаһар Алматыны сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жай-күйі қалай екенін білмек ниетпен мамандар пікіріне құлақ түрдік. Қаладағы аэрация стансаларындағы ағын суды тазарту тәжірибесіне назар аудардық.

«Қоршаған орта жағдайы денсаулық пен өмір сүру ұзақтығына, экономикалық дамуға ерекше әсер етеді. Сондықтан айнала-ортаны қорғау, әсіресе су нысандарын ластану мен саркылудан сақтау – маңызды міндет. Еліміздің қалаларында, соның ішінде Алматыда, ағынды суды тазарту, негізінен механикалық және биологиялық әдіспен жүзеге асырылуда. Мегалополисімізге таудан аққан ағынды суды тазарту арқылы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету осы әдістермен іске асады. Бұл әдістердің тиімділігін талдау кезінде тазарту жүйесінің жұмысы ерекше ескерілуі керек. Бұл ретте ағынды суды бастапқы тұндырғыштан өткізудің орны бөлек. Ағынды суды тазарту арнайы тұндыру орнынан басталады, – дейді «Алматы Су» МК-ның бас технологиясы Анатолий Коротунов.

Қазақтың «Ағын суда арамдық жоқ» деген тәмсілі бекерге айтылмаған. Бәрін бастан өткеріп, табиғатпен тел өскен халқымыз ықылым заманнан бері судың да сұрауы барын, оны ысырап етпеудің сан түрлі жолын қарастырғаны мәлім. Бүгінгі күндері тазартылып жіберілмеген, сондай-ақ жеткіліксіз тазартылған ағынды судан жүресті су қоймалары үнемі бүлінуде. Табиғи ресурстардағы тепе-теңдіктің бұзылуының зардабы зор. Мемлекеттік құзырлы

мекемелер мен табиғат қорғау органдарына ауызсумен қамтамасыз ету, оны тазарту тәрізді өмірлік маңызды стратегиялық нысандардың қолданысқа әзірлігі мен оның жабдыктарын тазалау жұмыстарына, ластанудан қорғауда зор жауапкершілік жүктелген.

Алматының тау өзендерінен бастау алар ағынды суы механикалық тазарту, биологиялық тазарту цехтарымен жабдықталған аэрация стансасынан тазартудан өтеді. Тазарту ғимараттары оңтүстік-батысқа қарай Алматы облысы, Іле ауданының Жәпек батыр ауылында, сондай-ақ Үлкен Алматы өзенінде орналасқан. Құрылыстың механикалық тазалау цехы оң жағалауда, ал биологиялық тазарту цехы сол жағында орналасқан. Жағалау су қорғау аймағына жатады.

«Алматыдағы биіктігіне, табиғи жер бедері мен қозғалыс тәртібіне орайластырылған ағынды суды тазалау ғимараттарындағы жабдықтың жобалық өнімділігі тәулігіне 640 мың текше метр суға есептелген. «Механикалық тазалау құрылысының бірінші кезеңі 1965–1970 жылдары, екінші кезеңі 1971–1974 жылдары іске асқан. Биологиялық тазарту ғимараты құрылысының бірінші кезеңі 1974–1980, екінші кезеңі 1980–1992 жылдары жүзеге асқан», – деді Сәтбаев университетінің (Satbayev University) профессоры Қайрат Оспанов.

Қайрат Төлегенұлы ағынды суды тазарту

жұмыстарына талай қатысқан. «Қала сыртында осындай бірнеше коллектор жұмыс істейді. Бірінің диаметрі – 1500 мм болса, ал Боралдай коллекторының диаметрі – 1000 мм. Осыдан үш жыл бұрын, 2020 жылы ағынды суды тазартудың ауқымды жұмысы атқарылды. Сол жылы 132287,737 мың м³/су тазартылды. Бұл көрсеткіш, орта есеппен алғанда, тәулігіне 362, 432 мың текше метр су тазартылғанын білдіреді», – дейді профессор Қ.Оспанов.

Темір тордан өтетін ағын су жылдамдығын реттеу мен біркелкі бөлу қабылдау камерасында іске асады. Ағын су қабылдау камерасынан темір-бетон каналмен жіберіледі. Осы темір торда тұтылған қалдықтар гидрошайғышпен арнаулы контейнерге жиналып, хлорлы әк ерітіндісімен зарарсыздандырылады. Мамандандырылған ұйымдар содан соң оны қатты тұрмыстық қалдықтармен бірге өтелге (утилизация) әкетеді.

Алайда, осы күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты ағынды суды тазартуда белгілі тәсілдерді жетілдіру процесі баяу. Мұның да техникалық және экономикалық себебі бар.

Жоғарыда айтылғандай, талдау, қолда бар материалдар бойынша тазарту шаралары көрсеткендей, тиімді әрі тұрақты биохимиялық процестерге баса мән берілуде. Алда ағынды суды тазартудың оңтайлы жолдарын қарастыру мақсаты тұр.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақбота ЖЫЛЫСОВА,
«Алматы Су» МКК баспасөз қызметінің маманы:

ТӘУЛІГІНЕ ҚАЛАҒА 700 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР СУ БЕРІЛЕДІ

«Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (КМК) тәулігіне жалпы қуаттылығы 1379 мың текше метр жерасты және жерүсті су көзін және 3,9 мың км астам су құбыры желілерін пайдаланатын елдегі ең ірі сумен жабдықтау кәсіпорны. Бүгінде қалаға жеткізілетін судың 70 пайызы – тереңдігі 150-ден 500 метрге дейінгі 386 артезиан ұңғымасынан алынатын жерасты су көзі. Бұл ретте Үлкен және Кіші Алматы, Ақсай мен Қарағайлы өзендерінен, яки жерүсті көздерінен су алу мен өндіру жүргізіледі. Дайындалар су арнайы стансаларда су дайындау мен дезинфекциялаудың толық циклінен өтеді. Су негізгі көрсеткіші бойынша сағат сайын бақыланады. Барлық кезең мен қалалық тарату желісіне кірер алдында тазалаудан өтеді. Қаланың тарату желісінен органолептикалық және микробиологиялық көрсеткіштер бойынша суды зерттеу күн сайын жүргізіледі. Химиялық құрамы бойынша Алматының ауыз суында адамға қажетті микроэлементтердің табиғи теңестірілген құрамы болады. Сондықтан онда ауыр металдар, фенолдар, мұнай өнімдері мүлдем жоқ. Алматы суы радиациялық деңгейде қауіпсіз әрі бактериялық ластануы жоқ. Тәулігіне қалаға орта есеппен 700 текше метр су беріледі. Жазда су беру көлемі 750–780 мың текше метрге дейін артады. Судың негізгі көлемі халықтың қажеттілігіне сәйкес келеді.

Аян СҰРАҒАНҰЛЫ,
қала тұрғыны:

ШӨЛІРКЕР КЕЗ КЕП ҚАЛДЫ

Мамырлап мамыр да аяқталып, жадыраған жаз да жақын қалды. Күн ысып келеді. Көше-көше бойында кетіп бара жатқан адамдардың бірсыпырасында қолында шыны шөлмектегі, көбінде пластикалық бөтелкедегі су, сусындар. Алматылықтардың аңқасы кебер шағы енді басталғандай. Шөліркер кез кеп қалды. Сол ішетін су, яки ауызсу сапалы ма? Сол су қайдан келеді? Сұрақ көп. Су өнімдеріне сұраныс көбейетін кез де осы жазғытұрымның соңы, жаз айлары, күздің бастапқы апталары. Наурызбай ауданы аумағында, Ақжарда тұрамын. Су сапасы көңіл көншітпейді. Қысқасы, таза емес, таттанған. Құбырларын жаңарту керек пе, бәлкім. Ама! жоқ, суды дүкеннен сатып аламыз.

Оралбек ИБРАЕВ,
қала тұрғыны:

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

Осыдан бірсыпыра уақыт бұрын қала шетіндегі сусын дайындайтын кәсіпорында істегенім бар. Мекемені кезінде әкесі, ағасы мен өзі бірігіп ашқанға ұқсайды. Атауы да соған орайлас қойылыпты. Айтайын дегенім, бұл емес. Шығатын суы күміспен тұтықтырылғанға ұқсайды. Естүімізше, су түбіндегі құбырға күміс табақша кигізілген деседі. Атауы да соған сай. Бір опынарлығы, мұндай судың тек сауда-саттықта тұрғаны. Ішкенде дәмі де жақсы. Ауызсудың сапасы сондай болғанға не жетсін, шіркін. Сөйтсек, бұл су құдығын (скважина) ашқан бір қария екен. Ол кісі шау тартқанша осында істеген. Бертінде өмірден өтсе де, бұл кісінің тікелей ұрпағына кәсіпорын төлемақы (дивиденд) төлеп тұрады екен. Қандай керемет! «Бұлақ көрсен, көзің аш» деп бабаларым бекерге айтпаған-ау.

● БРИФИНГ

Алматыда жас кәсіпкерлер клубы ашылды

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында кәсіпкерлер клубының ашылғаны және жастар үшін берілген басқа да мүмкіндіктер туралы «Кәсіпкерлер клубы» жобасының басшысы Темірлан Сали, Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Еңбек нарығын дамыту бөлімінің бас маманы Күләш Әділбекова және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ несиелеу бөлімінің бас маманы Нұрберген Тәңірбергенұлы айтып берді.

Жобаның мақсаты – Алматы қаласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жас кәсіпкерлердің тұрақты қоғамдастығын құру және дамыту.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, клуб өз бизнесін ашуға және дамытуға ниет білдірген жастарды біріктіруге арналған.

«Алматы қаласында жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Жас кәсіпкерлер клубы» ашылды. Біз жастарға мемлекеттік қолдау, гранттар және оларға арналған түрлі мүмкіндіктер туралы айтып, қолдау көрсетеміз», – деді Т.Сали.

Алматы қаласында тұратын 18 және 35 жас аралығындағы жастар клубтың мүшесі бола алады.

Өз кезегінде спикер Нұрберген Тәңірбергенұлы жас кәсіпкерлер үшін қолайлы мүмкіндік – 2,5% микрокредиттеу туралы айтып берді. Ал Күләш Әділбекова аталмыш мақсаттарға Алматыда мың адамға 5 млрд теңге бөлінгенін атап өтті.

Нұр ЖАМАЛ.

«Қазақстандық экономикаға басымдық бердік»

Еліміздегі халықаралық автомобиль тасымалдаушылар одағы офлайн және онлайн форматта баспасөз мәслихатын өткізіп, ұлттық тасымалдаушылардың мүддесін қорғауға қатысты мәселе көтерді.

Ағымдағы жылы мамырдың басында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ресейлік және беларусьтық жүк тасымалдаушыларға «қайта тіркеуге» рұқсат беруі жөнінде шешім қабылдауы отандық автотасымалдаушыларды қынжылтқандай. Автомобиль тасымалдаушылар одағындағылар: «Ішкі заңнамамен үшінші елдерге «ауыстырып тиеу-тіркеу» әдісімен тасымалдау жөніндегі шектеудің енгізілуі қазақстандық тасымалдаушылар жұмысын тежей бастады» дейді.

Мамыр айының басында ел Парламенті Мәжілісінде бұл тақырыпқа түсініктеме берген ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі М.Қарабаев:

«Біз «ауыстырып тиеу-тіркеу» рұқсат еттік. Мұнан түбегейлі екі мәселе туындайды. Отандық автотасымалдаушылар мен тауарлар еліміздің экономикасына қызмет ететіндіктен, өзіміздің өндірушілер мен кәсіпкерлердің жағдайын ойладық. «Қайта тіркеуге» рұқсат беру жөнінде шешім қабылдануының басты себебі осында. Қалыптасқан дәстүр бойынша бұл жұмыстар көлемі ресейлік және беларусьтық автотасымалдаушыларға тиесілі болды. Осылайша біз қазақстандық экономикаға басымдық бердік», – деп мәлімдеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● ҚОРШАҒАН ОРТА

ҚОҚЫСТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТАЙЫҚ

Оны экономикаға айналдыру – бүгінгінің кезек күттірмейтін талабы

Қазіргі таңда бүкіл әлем жұртшылығының назарындағы мәселенің бірі – қоқыс. Жапония, Сингапур, АҚШ сынды өркендеген елдер қоқыс өңдеудің жаңа экономикалық бағытын тапты. Осының нәтижесінде сұрыптап, қалдықты кәдеге жаратудың модернизациясын пайдалануда.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ғаламдық мәселе

Статистикаға сүйенсек, жылына орта есеппен үлкен қаланың әр тұрғыны 500 килограмм қоқыс шығарады, ал шағын қаланың әр тұрғыны 150–200 килограмм қоқыс төгетін көрінеді. Осы бағытта жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша, қағаз ыдырау үшін 5–10, полиэтиленге 250–500, шыныға 1000 жыл керек. Мәселен, біз күнделікті тұтынатын пакеттердің шіруіне 300 жыл уақыт қажет. Енді есептей беріңіз: біз айналасы бірнеше жылдан, ғасырларға ұласқан ұзақ мерзімде қандай ауа жұтудамыз. Көптеген экологтардың айтуына қарағанда, қалдықтардан бөлінетін улы заттар түрлі бактерологиялық аурулардың тууына себеп болады екен. Әсіресе, СПИД-тің таралуы, ауамен келетін ауру-сырқаулар біртіндеп қоқыс төгілетін полигондар маңындағы елдімекендер артынан барша қала, мемлекет, әлемге зардабын тигізеді.

Өткен XX ғасырда барша дүниеде ғылыми техникалық өрлеудің нәтижесінде технология дамып, зауыттар мен фабрикалар салына бастады. Ал өнеркәсіп орындары көбіне елдің экономикалық ахуалын дамытты, бірақ оның екінші тұсы да бар еді. Біртіндеп өндіріс орындары нулы-тоғайлы, өзен көлдер маңына салынды. Үлкен-үлкен фабрикалар кәсібін домалатып, қоршаған ортаның ластануын естен шығарды. Содан бері будақтаған түтін, керексіз сұйық қалдықтар биосфера қабатын ластануда. Орман тоғайлар оталып, өзен-көлдің сулары тартылып жатты. Сөзімізге тұздық, бір ғана мысал – Арал теңізі. Әлемдік ғалымдар Гималайдың басынан Аралдан ұшқан тұздың қалдықтарын тапқан.

Демек, бұл – ғаламдық проблема. Жапония, Сингапур, Америка Құрама Штаттарында қоқысты кәсіп етіп, нәсіп тауып отырған кәсіпорындар бар. Қарапайым ағаштың жаңқасынан қалған қиымды арзанға сатып алып, одан түрлі шкаф, есік, тағы сол секілді тұрмыстық заттарды жасап, тұтынушыға екі-үш есе бағасында нарыққа жөнелтеді. Ал оның сыртында шетелге экспорттау бар. Біздіңше, бүгінгінің ең өзекті мәселесі –



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

азық-түлік қауіпсіздігінен кейінгі орындағы «қоқыс» проблемасы деп білеміз. Жаһан күн сайын өзгеріп жатыр. Сол үдерістен қалмау үшін әлем елдері өз экономикаларын әртараптандырып әлек. Бізде келешекте дамыған өркениетті мемлекеттердің көшінен қалмайық десек, таза қала, таза ауа, дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін қоқысты кәдеге жаратайық. Қоқысты экономикаға айналдыру – бүгінгінің кезек күттірмейтін талабы демекпін.

Тәртіпке бағыну қажет

Әр қалдықты кәдеге жаратсақ, ол да пайда. Осы жасағына көңіл бөлмей келеміз. Расында, адамзат үшін пластикалық заттар пайдалы болып тұр. Дейтұрғанмен, таяқтың екінші ұшы бар. Демек, көл-көсір қалдық қалуда. Осының шешімін ойлайтын кезең келді.

Дамыған елдерде пластикалық қалдықты қайта өңдеп шығарудың тың тәсілдері қарастырылған. Тіпті, Сингапурда сағыз тастап, түкіруге тыйым салынған. Егер заң бұзылса, айыппұл арқалайды. Тым шектен шықса, темір торға тоғытуға дейін барады. Сырт елде заң қатал, тәртіпке бағыну қажет. Олай етпесе, жазасының өтемі ауыр болады.

Пластик – түрлі бұйым жасаудың таптырмас көзі. Мұны біреулер білсе, кейбіреулер аңдамайды. Алайда, дамыған елдер бұған әлдеқашан көңіл бөлген. Бұл туралы аз-кем

жоғары жақтағы ойларда айтқан болатынбыз. Бүгінгі заман қолда бардан дүние жасайтын кезге келді. Табиғи байлықтар сарқылып барады. Бәрін адам өз күшімен жасауға көшті. Бұрынғыдай табиғатта өсіп, пісіп, жетіліп тұрған нәрселер азайды. Ауаның өзі ластанып, улы түтін шығаратын зауыт, фабрикалар пайда болды. Бұны осыдан 50–60 жыл алдын ойлаған Жапония, ОАР, Қытайдың тәжірибесі көпке үлгі болуда. Осы аталған экономикалық жағынан дамыған елдер, бүгінде өз көрген-түйгендерімен бөлісе бастады. Шынтуайтына келгенде, жер ғаламшарын сақтаудың жаңа тетіктері қарастырылуда екен.

XXI ғасыр ғылым мен технологияның дәуірі. Мұны жиі айтамыз. Соған қарамастан, пластик қалдықтарын оңды-солды тастайды. Ал оның өңдеу қажеттігін енді ғана ойлана бастағандаймыз. Әлі де кеш емес. Халық даналығында «Ештен кеш жақсы» деп тәмсіндейді. Сондықтан әлемнің озық технологиясын елге алып келіп, іске асыру қажет сияқты.

Осыдан бірқанша жыл бұрын Алматы, Астана, Шымкент қалаларында пластик қалдықтарын сұрыптауға байланысты акциялар ұйымдастырылды. Арнайы үлкен қораптар әр аулаға қойылды. Сыртына сұрыптап салудың нұсқаулығы енгізілген болатын. Соның нәтижесінде күніне тысқа төгілетін 100–200 кг қалдық іріктеле бастады. Арнайы мекемелер оны апарып өңдеуге көшті. Сөйтіп, қайта

өңдеу технологиясы қолға алынды. Осындай игі істер азаматтарды жаңа көзқараста болуға үндейтіні анық.

Тазалықты өзіңнен баста

Тазалық әркімнің өзінен басталатын асыл іс. Оған біреуді үйретіп, айтып, кейде сөзіп жатамыз. Ал өз қалаңа жанашиыр болсаң, әбестікке жол берілмейді. Осы ахуалды ретке келтіретін күн жетті.

Алматы сырттан келушілерге ғажап қала. Табиғатына қызығатындар көп. Алатау баурайына барып, бір демалып, отбасымен серуен құратын уақыт туып келеді. Күн жылынған сайын, шомылу кезеңі таяп қалды. Әрине, қыдырып, көңіл жадыратқан жақсы. Алайда, айналасы шашып-төгіп, қалай болса солай жайрата берген жөн емес. Өйткені, қазір барша зат пластик, пакет, қала берді қағазға оралады. Мұның арты тау-тау болып үйілген үйіндіге соқтырады анық. Ондай оғаш қылыққа бара берсек, қалдықтан аяқ көтеріп жүре алмайтын жағдайға тап боламыз.

Қала өмірі қарбалас. Кейде көшемен келе жатып, әр жерде шашылып, бей-берекет жатқан қоқысты көз шалады. Сол қалдықты өзге ғаламшарлықтар емес, өзіміз қалдырудамыз. Сондықтан сәл де болса қалдықты шашпаудың мәдениетін игерейік. Әйтпесе, оны көрген жас ұрпақ үлкендерден ешқандай тәртіпке үйренбейді.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Өлинұр БАКЕНОВ,
Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы,
қалдықтарды басқару бөлімінің бас маманы:

Қоқыс шығаратын 25 мекеме бар

Бүгінгі таңда Алматы қаласы аумағында қоқыс шығаратын 25 мекеме бар. Бүкіл қаладан шыққан қоқыстарды Алатау ауданындағы индустриалдық аумақтағы қоқыс сұрыптау кешеніне жөнелтеді. Сол жерде кәдеге жарайтын, қайта өңдеуге келетіндерін қайта өңдеуге жібереді. Ал өңдеуге келмейтіндері Алматы облысы, Қарасай ауданында орналасқан қоқыс полигонына көмуге тасымалданады. Контейнерлік алаңдарда 1300-ден астам торлы үлкен жәшіктер орналастырылған. Дәлірек айтқанда, пластик қалдықтарды қабылдайды. Сондай-ақ, Алматы қаласында ишкі заттарды қабылдайтын ақылы негізде пункттер бар.

Шаһарда 8 ауданға қалдықтарды жинауға арналған 8 техника бөлінген. Осы қалдықтан пластик құбыр, бөтелке және т.б. бұйымдар шығарады. Қағаз қалдықтары «Нұр қағазы», «Қазақстан қағазы» мекемелерінде қайта өңделеді. Картон шығарылады. Бұл бағытта бірқатар істер атқарылуда. Халық та біртіндеп осы үрдіске бой үйретіп келеді.



Алмас ОРАЛБЕК,
Наурызбай ауданының тұрғыны:

Ережеге мойынсұнған абзал

Біз Алматының өсіп-өркендегенін қалаймыз. Қаламыз күн санап жаңарып келеді. Осы қарқыннан таймаса деген ойдамыз. Ол үшін әрбір жан титімдей болса да өз үлесін қосса екен. Өйткені, таза қала, саф ауа бәрімізге қажет. Былайша айтқанда, ортақ қажеттілік

деп айтар едім.

Уақыт өткен сайын жаңа технология жетіліп келеді. Қазір қалдықты өңдеудің неше түрлі әдісі шығыпты. Оны ғаламтордан да қарап қайран қалып отырамыз. Сондықтан өзіміз де қоршаған табиғатқа зиян келтірмеуге тырысып бағамыз. Тауға демалуға шықсақ та, барша қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз. Сондай-ақ, айналадағы дос-жарандарымызға да осы аталған кеңесті беріп жүрміз.

Қалада өмір сүргендіктен белгілі бір тәртіп пен ережеге мойынсұнған абзал. Қарапайым мысал, күнделікті қоқыс шығарумен айналысамыз. Таң да болсын, кеш болсын қалдықтарды арнайы белгіленген орынға тастаймыз. Өзіміз Наурызбай ауданы тұрғыны болғандықтан, жанадан салынған тұрғын үй кешендерінің айналасы таза болғанын дұрыс көреміз. Қоқыс жинайтын көліктер уақытылы тазалап тұрса, қоқыс өңделсе, әркім ұқыпты болса деген ниеттеміз. Әйтпесек, айналага зиян келеді. Қала таза болса, арықтардан су ағып, жасыл-желекке бөленіп, қаз-қатар үйлер үйлесімді орналасып, саябақтар көркейсе, нұр үстіне нұр деп есептейміз.

● ТҮЙІН:

P.S. Ел арасында «Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, оны айтар табиғаттың тілі жоқ» деген ұлағатты сөз кездеседі. БҰҰ мәліметінше, 2050 жылға қарай жер ғаламшарының адам баласын асырайтын қауқары мүлде азаятын көрінеді. Ендігі кезекте қайта өңдеу, сұрыптау, қалдықты кәдеге жарату сынды бірқатар істерді қолдан жүзеге асыратын сияқтымыз. Осыған біртіндеп қоғам санасы бейімделе бастағандай. Адамзат үшін ортақ құндылық, ол – табиғат. Күн өткен сайын қалдықтар тастау көлемі артып келеді. Себебі, халық саны артып барады. Халықтың туу көрсеткіші жоғарылады деген сөз елдің әлеуметтік өмірінде өзгеріс орнайтынын аңғартады. Осы ретте өскелең ұрпақты, қоршаған ортаға ұқыпты әрі құрметпен қарауға үйрету қажет. Сонда ғана «Жасыл экономика» жобасы іс жүзінде орындалады. Ол үшін қоғам санасы осы қадамға бейім болса деген ойдамыз.



ТЕННИС

ЕЛЕНА РЫБАКИНА
әлемнің төртінші ракеткасы атанды

Рим WTA 1000 турнирінің чемпионы атанған Елена Рыбакина ресми түрде әлемнің төртінші ракеткасы болды. Қазақстан теннис федерациясы хабарлағандай, қазақстандық теннисші 5090 ұпай жинап, WTA рейтингінде 6-дан 4-сатыға көтерілді. Елена төртінші орындағы франциялық Каролин Гарсияны (5025 ұпай) да басып озды.

Финалдан кейін қазақстандық теннисші қарсыласы Ангелина Калининаны досым деп атап, жарақатынан тезірек сауығып, Ролан Гаррос жарысында табысты өнер көрсетуіне тілектестігін білдірді.

Сонымен қатар, барлық жанкүйерге алғысын айтып, жаңбырға байланысты кейінге қалдырылған ойындардың оңай болмағанын жеткізді.

СЕМСЕРЛЕСУ

ӘЛЕМ
КУБОГЫН
ЖЕҢІП АЛДЫ

Семсерлесуден ел құрамасы Түркияның Ыстамбұл қаласында өткен әлем кубогында жеңімпаз атанды.

Алтын үшін тартыста Нидерланд құрамасынан басым түсті. Есеп: 34-20. Руслан Курбанов, Эльмир Әлімжанов, Вадим Шарлаимов, Ерлік Сергайдан жасақталған ұлттық құрама 1/32 кезеңде Колумбияны 45-41 есебімен ұтқан.

Одан кейін Италия құрамасынан басым түсіп, үздік сегіздікке кірді. Есеп: 45-31. Ширек финалдағы тартысты аяқтаста отандастарымыз Аргентинадан жеңісті жұлып әкетті.

Есеп: 45-44. Ал жартылай финалда ұлттық құрама испаниялық семсерлесушілерді сенімді жеңді (45-32).

Жалпы, бұл кезеңде 45 елден 350-ге тарта семсерлесуші бақ сынады.

БОКС

Әйелдер арасында бокстан жазғы спартакиада жеңімпаздары белгілі болды. Петропавл қаласындағы әйелдер боксынан Қазақстанның VI жазғы спартакиадасы аяқталды.

Спортты дамыту дирекциясының баспа-сөз қызметінің мәліметінше, 4 жылда бір-ақ рет өтетін бокс қорытындысында олимпиадаға қажет ұпайлар сарапқа салынатын Қытайдың Ханчжоу қаласындағы жазғы Азия ойындарына қатысатын боксшылар анықталды.

Жарыста 19 өңірден келген 90-нан астам былғары қолғап шебері бақ сынады. Олардың арасында Үндістанда өткен әлем чемпио-

ФУТБОЛ

Қазақстан футбол федерациясы хабарлағандай, 17 жасқа дейінгі Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 24-29 мамыр аралығында Волгоградта өтетін УЕФА Даму жарысына қатысады.

Біздің жігіттер Ресей, Қырғызстан және Беларусь командаларымен кездеседі. Турнир айналма жүйе бойынша өтеді, ең көп ұпай жинаған құрама жеңімпаз атанады. Матчтар «Зенит» және «Олимпия» стадиондарында өтеді. Ойындар Ресей футбол одағының ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде тікелей эфирде көрсетіледі.

Қазақстан жасөспірімдер құрамасының Талғарда өтіп жатқан ОЖЖ шақыртылған ойыншылар тізімі:

Қақпашылар: Саятхан Құсайынов («Ақтөбе»), Александр Латычевский (Ақжайық);

Қорғаушылар: Абзал Сағын («Астана»), Адлан Нұрғалиев, Әмірбек Базарбеков

БӘРЕКЕЛДІ!

ДМИТРИЙ ПОПКО
АҚШ-ТАҒЫ ТУРНИРДЕ
ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Дмитрий Попко АҚШ-тағы Пенсакола ITF M 25 турнирінің жеңімпазы атанды. Әлемнің 419-ракеткасы Д.Попко жарыс барысында бес кездесуін де сәтті өткізді. Доданың төртінші ракеткасы болып тіркелген қазақстандық теннисші финалда дүниежүзілік рейтингте 923-орында тұрған америкалық Эйден Киммен кездесті.



Дмитрий Попко 6:1, 6:4 есебімен айқын басымдықпен жеңіске жетті. Біршама тартысты өткен бәсеке сағат жарымнан астам уақытқа созылды.

Сондай-ақ, Қазақстан теннисшілерінің әлемдік рейтингідегі орны белгілі болды. Кәсіби теннисшілер қауымдастығы (АТР) жаңартылған рейтингті жария етті. Теннис федерациясының мәліметінше, Александр Бублик әлемдік рейтингіде 49-дан 48-орынға көтерілді.

Еліміздің екінші ракеткасы Тимофей Скатов 145-тен 147-ге сырғыды. Т.Скатов Ролан Гаррос турнирінің іріктеу сайыстарында бақ сынады. Михаил

Кукушкин – 291, Денис Евсеев – 305, Бейбіт Жұқаев – 326, Дмитрий Попко 413-орында тұр.

Әлемдік рейтингте испаниялық Карлос Алькарас көш бастаса, Рим мастерс турнирінің жеңімпазы атанған ресейлік Даниил Медведев сербиялық Новак Джоковичті ығыстырып, 2-сатыға шықты.

Жұптық сында қазақстандықтардан Александр Недовесов – 67, Андрей Голубев – 81, Григорий Ломакин 247-сатыда келеді.

Әлемде нидерландылық Уэсли Колхоф пен британиялық Нил Скупски бірінші орынды бөліссе, америкалық Раджив Рам үздік үштікті түйіндеді.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



натының жүлдегерлері, ұлттық құраманың өзге де мүшелері болды.

Салмақ дәрежесі бойынша жеңімпаздар:

48 кг: Алуа Балқыбекова (Алматы қ.),
50 кг: Назым Қызайбай (Алматы қ.),

52 кг: Жазира Орақбаева (Алматы қ.),
54 кг: Жайна Шекербекова

(Шымкент қ.),
57 кг: Карина Ибрагимова

(Ақмола обл.),
60 кг: Римма Волосенко (Астана қ.),

63,5 кг: Аида Әбікеева (Астана қ.),
66 кг: Наталья Богданова

(Петропавл қ.),
70 кг: Мәдина Нұршаева (Шымкент қ.),

75 кг: Валентина Хальзова (Астана қ.),
81 кг: Гүлсая Ержан (Қызылорда обл.),

+81 кг: Ләззат Күнгейбаева (Астана қ.).
Жалпы есеп бойынша Астана қаласының

командасы 4 алтын, 1 қола медальмен көш бастады.

8 жүлдеге (3 алтын, 2 күміс, 3 қола) ие болған Алматы қаласы екінші орынға көтерілді. Үздік үштікті Шымкент боксшылары түйіндеді (2 алтын, 4 күміс). Карина Ибрагимова спартакиаданың үздік боксшысы атанды.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСӨСПІРІМДЕР
ҚҰРАМАСЫ РЕСЕЙДЕ ӨТЕТІН
ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАДЫ

ОЙЫНДАР КЕСТЕСІ
(Астана уақыты көрсетілген)

24 мамыр

1-тур

Беларусь – Қырғызстан. 16.00 («Зенит» стадионы).

Ресей – Қазақстан. 21.00 («Зенит» стадионы).

26 мамыр

2-тур

Қазақстан – Қырғызстан. 16.00 («Зенит» стадионы).

Ресей – Беларусь. 21.00 («Зенит» стадионы).

29 мамыр

3-тур

Қырғызстан – Ресей. 13.00 («Зенит» стадионы).

Қазақстан – Беларусь. 15.30 («Олимпия» стадионы).

(екеуі де – «Қайрат»), Әлім Ахметов («Жетісу»), Ерасыл Темерші («Жас Қыран»), Дарын Оспан («Ақтөбе»);

Жартылай қорғаушылар: Кирилл Овчинников («Жетісу»), Нұрдәулет Орынбасар, Азизжон Бердиев (екеуі де – «Тараз»), Захар Порох, Әнуар Абдрашин (екеуі де – «Оңтүстік»), Глеб Макридов («Шахтер»), Евгений Кузнецов, Тұрсын Мұхамедияр, Аламгир Смаков, Абылай Төлеухан (барлығы – «Қайрат»);

Шабуылшылар: Мұхамед Сәдуақас, Бағдәулет Нұралы (екеуі де – «Ордабасы»), Азамат Алан («Астана»), Ильдар Абайдуллаев («Жас Қыран»), Роман Брагин («Алтай»), Мәнсүр Біркұрманов, Исмаил Мұртаза (екеуі де – «Қайрат»), Рауан Меркебай («Фонтанта Фатжо»), Испания, Ернар Қоспаев («Жетісай»), Глеб Оленик («Шахтер»).

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАҢА АЛМАТЫ

«ЕҢ ҮЗДІК ҰСЫНЫС»

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында дауыс беру аяқталды

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасына орай дауыс беру қорытындысы бойынша биыл 195 жобаларды іске асыруға рұқсат етілді.

Атап айтқанда, Әуезов ауданы – 18, Алатау ауданы – 17, Алмалы ауданы – 31, Бостандық ауданы – 23, Жетісу ауданы – 18, Медеу ауданы – 14, Наурызбай ауданы – 16, Түркісіб ауданы – 58 жоба іріктеліп алынды. Дауыс беру кезінде барлығы **81 мыңнан астам дауыс** жиналды (81 707). Бұл 2022 жылмен салыстырғанда (63 547) 22%-ға артық. **Қала тұрғындары көп дауыс берген ең жақсы бастамалар тізіміне келесі жобалар енді:**

- **Алатау ауданы** (шахмат және теннис үстелдері, беседка, карусель және т. б.), «Нұркент» ш/а, 63 балалар алаңын жөндеу;
- **Медеу ауданы** (беседка, әткеншек, спорт алаңы, орындықтар, теннис үстелі және т. б.), Жамбыл көшесі, 47/160 және Төлебаев көшесі, 156 үйлердің аула аумағын абаттандыру;
- **Алмалы ауданы** (бұталар-қоршау, гүлзарлар, көгалдар, орындықтар, тренажерлер, ойын алаңы және т. б.), Шевченко көшесі, 129 мекенжайы бойынша «Аула-Бақ» жобасын іске асыру;
- **Әуезов ауданы** (серуендеуге арналған құрылымдық элементтер, және т. б.), 9 ы/а иттерді серуендетуге арналған алаң, 20-үй;
- **Бостандық ауданы**, Үлкен Алматы өзені бойындағы Дулати көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағын абаттандыру;
- **Жетісу ауданы**, Крыжицкий көшесі, 7 және Станиславский көшесі, 164 бойынша балалар және спорт алаңдарын салу;
- Абай даңғылы мен Әшімов көшесі, **Наурызбай ауданы** бойынша ШАФ және тік көгалдандыру нысандарын орнату;
- **Түркісіб ауданы**, Гете көшесі, 17 мекенжайдағы №17 ЖББМ автотұрақты салу және т. б.

Дауыс беру нәтижелері және әрбір жоба бойынша жиналған дауыстар саны бар хаттамалар budget.open-almaty.kz порталында «Жобалар бойынша материалдар» бөлімінде (ашылмалы мәзірден 2023 жылды таңдаңыз) жарияланды.

Әрбір аудан бөлінісінде ең көп дауыс жинаған жобалар ағымдағы жылы әрбір аудан үшін лимитті (875 млн теңге) ескере отырып, дауыстардың кему тәртібімен (жобаға кемінде 50 дауыс) іске асырылатын болады. Дауыстар тең болған кезде жобаларға дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада бірдей позиция беріледі.

Еске салсақ, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қалалық органы дамыту бойынша өтінімдерді қабылдау 2023 жылдың наурыз айында басталды. Оған қала тұрғындарынан 897 түрлі ұсыныс түскен. Бастамалардың көп бөлігі Әуезов (162), Наурызбай (126) және Жетісу (120) аудандарының тұрғындарынан келіп түсті.

«Халық қатысатын бюджет» жобасы іске қосылған сәттен бастап бес жыл ішінде алғаш рет 2023 жылдың екінші жартыжылдығында Алматы тұрғындарынан өтінімдерді қабылдаудың екінші циклі басталатыны қосымша хабарланады. Екінші цикл аясында ең көп дауыс жинайтын жобалар келесі жылы жүзеге асырылады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Халық қатысатын бюджет» бойынша кеңесті Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінен мына телефондар арқылы +7 (727) 224-39-29 (ішкі 203), 1308 нөмірі арқылы алуға болады.

Жоба бойынша өзекті ақпарат, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар Алматы әкімдігінің «Алматы жобалары» (@almaty.jobalary) арнайы аккаунтында жарияланады.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбір-текті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге. ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады. **Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!**

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

КОНКУРС



«ЖАС ҚАНАТ– 2023»

29-шы Республикалық «Жас қанат–2023» жас орындаушылар байқауының ұйымдастырушылары айтулы өнер байқауына дайындықтың қалай жүріп жатқанын хабарлайды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, биыл бұл байқау ерекше форматта өткелі отыр. Бұрын «Жас қанат» үш күн бойы «минус 1» фонограммасымен өтіп келсе, биыл жас таланттар әр сайыста әртүрлі музыкалық сүйемелдеумен өнер көрсетеді деген шешім қабылданды.

Байқаудың бірінші күні олар өз әндерін Александр Беляков жетекшілік ететін эстрадалық-симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен шырқайды. Екінші күні «минус 1» фонограммасымен өнер көрсетеді. Ал үшінші күні оларды гитарист, музыкалық өңдеуші, композитор, музыкалық продюсер және дирижер Илья Башкатов басқаратын, құрамында 6 инструменталшы, 4 үрмелі аспапшы және 3 бэк-вокалист бар бэнд сүйемелдейтін болады. Бұған дейін өткен «Жас қанатта» небәрі 3 жүлделі орын болса, енді олар «Азия дауысы» фестивалі мен «Жас қанат» байқауының негізін салушылар – Мұрат Ерғалиев пен Александр Пономарев атындағы Гран-Примен толығып отыр.

Сондай-ақ, биылғы «Жас қанат–2023» байқауы аясында «ЖАС ҚАНАТ – БАЛАЛАР» бірінші республикалық балалар шығармашылығы байқауы өтеді. Жас дарындар екі аталым – вокал және сурет байқауы бойынша бақ сынамақшы. Байқау 1 маусым – Халықаралық

Балаларды қорғау күніне орай, дәл сол күні басталады. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, мектеп оқушылары «Соңғы қоңыраудан» кейін Республика сарайына келіп, осы байқауды тамашалауына болады. Байқауды ересектер мен жас орындаушылар «Жас қанат» әнұранымен ашады.

Балалардың сурет байқауы туралы бірер сөз айтсақ, іріктеу кезеңінде «Азия дауысы» деген сөз тіркесі нені елестетеді, сол туралы сурет салу тапсырмасы берілген еді. Балалардың жұмыстары біз күткеннен де асып түсті. Ондағы іріктеудің қалай өтіп жатқанын @azia.dauysy instagram парақшасынан көре аласыздар. Ең қызықты жұмыстарды «Жас қанат–2023» байқауы өтетін Алматыдағы Республика сарайының фойесіндегі көрмеге қоятын боламыз, – дейді ұйымдастырушылар.

Байқау барысында фойеде аты аңызға айналған халықаралық «Азия дауысы» фестивалі фотомұрағатының көрмесі, балалар сурет көрмесі және «Азия дауысы–2023» сахналық эскиздерінің көрмесі өтеді. Сахналық эскиздер Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенттеріне тапсырылып отыр. Үздік эскиз авторы 100 000 теңге жүлде алады. Шоу тек сахнада ғана емес, Республика сарайының фойесінде тик-токерлерге арналған киіз үй орнатылмақшы.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ҮКІМ ШЫҚТЫ

Алматыда қаңтар оқиғасына қатысқан 25 адам сотталды

Олардың ісін Бостандық ауданының №2 аудандық соты қарады. Сот тергеуі барысында сотталушылардың 4–5 қаңтар аралығында қаланың әр жерінде жаппай тәртіпсіздіктерге қатысқаны анықталды: тұрғын үй, қызметтік және өндірістік үй–жайларға заңсыз кіру арқылы аса ірі көлемдегі ұрлық жасаған; ірі залал келтірген, автокөліктерді ұрлаған; қауіпті өндірістік объектінің, сондай-ақ арнайы органдар күзетіп отырған басқа да объектілердің аумағына заңсыз енген.

Бұл айтарлықтай шығынға және басқа да ауыр зардаптарға әкелгені атап өтілді.

«Сондай-ақ, олардың алдын ала келісім бойынша атыс қаруы мен оқ-дәрілерді, сондай-ақ төтенше жағдай жарияланған аудандағы тәртіпсіздіктер кезінде бір топ адамдар алдын ала сөз байласу арқылы шенеуніктер мүлкін бүлдірумен және жоюмен залал келтіргені анықталды», делінген Алматы қалалық сотында.

Жаза тағайындау кезінде келесі факторлар ескерілді: сотталушылардың кінәсін толық және ішінара мойындау; соттылығы жоқ; тұлғаның жеке деректері; жас мөлшері; құқықбұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлық; кәмететке толмаған балалардың болуы; қылмыстық құқықбұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі; төтенше жағдайда қылмыстық құқықбұзушылық жасау.

Сот үкімімен 20 айыпталушы рақымшылық заңын қолдану арқылы 9 айдан 1 жыл 9 айға дейін шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Рақымшылық заңы арқылы тағы төртеуі жазадан босатылды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫҚабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел.: 293-52-43.Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІРҚала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВАШаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ruЖарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.Шығармашылық даму
жөніндегі кеңесКеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВКеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңызРеспубликаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 663Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВАГазет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

ЖЕЛМЕН ЖАРЫСҚАН ЖҮЙРІКТЕР

Алматыда классикалық ұшқыр бәйге өтті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Желмен жарысқан жүйріктер мәреге дейін қатар шауып келгенімен, ең ұшқыры ғана бірінші келді. Классикалық ұшқыр бәйгенің қазақтың аламан, құнан бәйгесінен айырмашылығы жарыстың бұл түрінде қысқа қашықтықта ғана шабатын асыл тұқымды жылқылар қатысады. Жылқылар 6 немесе 12 айналымға шаппайды. 1200 метрден басталып, 1600 метрге дейін ұзара береді. Қысқа қашықтық бойынша жарысады. Әдіс-тәсілдерінде де айырмашылық байқалады.

Бәйгеде ат баптайтындар көбіне осы классикалық бәйге арқылы тұлпарын шындап алып, аламан бәйгеде қосып жатады. Аттың бабы мен жарыстың қашықтығы жағынан айырмашылықтар бар. Ат жарысы – ең көне ат спорты жарыстарының бірі болғанымен, ұшқыр бәйге шетелде жақсы дамыған. Елімізде соңғы жылдары ғана жиі ұйымдастырылып жүр. Олимпиада ойындарындағы спорт бағдарламасына кірмейді. Дегенмен, ат жарысын олимпиадалық спорт түрлерінің қатарына қосып, оған бұқаралық сипат беру туралы ұсыныстар айтылуда.

Қалада өткен аталмыш шара Қазақстан Республикасының этносport қауымдастығы, Алматы қаласының Спорт басқармасы, Қазақстан Республикасының Бәйге федерациясы мен «Қазақ Жокей» клубының ұйымдастыруымен өтті. Жарысқа ел ішінде туған және «асыл тұқымды» деген құжаты бар жылқылар қатысты. Бәйге жеңімпаздары кубокпен және қомақты жүлделермен марапатталды.

Шара аясында классикалық бәйгеден бөлек қыз қуу, конкур, пони жарысы және жігіттік өнер (джигитовка) өтіп, елімізге танымал өнер жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты.

Ұшқыр бәйгенің қыр-сырын жақсы меңгерген атбегілердің айтуынша, шетелдік тұқымды жылқыларды бірден бәйгеде қоспайды. Ұшқыр бәйгеде Америкадан арнайы алдыртатын жылқылардың елдің климатына үйреніп, әбден жерсінгенін күтеді. Бас кезінде шөбін жемей, ауаға үйрене алмайды. Уақыт өте келе үйреніп кетеді. Шабандоздар жүйріктерді күніне бір уақыт шауып, терін алады. Тынысы ашылған жылқы бәйгеде еркін шабады. Тағы бір ерекшелігі ұшқыр бәйгеде шабандоздың салмағы жеңіл болуы керек.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данияр БҮКЕТОВ,
«Қарабай» ат шаруа қожалығының өкілі:

– Әртүрлі қашықтыққа шабатын асыл тұқымды жылқылардың бабы бөлек болады. Дайындық та ерекше өтеді. Бәйге иегері – асыл тұқымды жылқы Юниан. Жасы 6-да. Америкада туылған. Бүгінгі бәйге – Юнианның 2-жарысы. Әр жарыста шабандозбен қатар бәйге аты да тәжірибе жинайды. Әсіресе, белгілі қашықтықты уақытпен шауып дағдыланады. Мезгіл сайын қашықтық ұзарады. Бәйгеде үлкен дайындықпен ғана қатыстырамыз. Осындай ұшқыр бәйгелерге дайындық қысы-жазы үзілмейді. Жүйріктерді ұшқыр бәйгеде шабандоздың өзі баптайды. Аттар мезгілдік дайындықты ипподромдарда өткізеді. Күн сайын дүйсенбі-жұма аралығында таңертеңнен кешке дейін дайындық өтеді. Жексенбі күні ғана демалады.

АЛМАТЫ БАЛАФЕСТ

ЖҰЛДЫЗДАР ЖАРҚЫРАЙДЫ

Алматы қаласы әкімінің қолдауымен қалалық Білім басқармасының «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы биыл да Халықаралық балаларды қорғау күніне арнап «Алматы BALAFEST» қалалық балалар фестивалін ұйымдастырып отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Алатау ауданының мектеп оқушылары арасында «Музыкалық шығармашылық және хореография» бағыты бойынша «Жұлдызды сәт», «Бейнелеу өнері» бойынша «Бояулар құпиясы», «Сәндік-қолданбалы өнер» бойынша «Өнерлі бала», «Көркем оқу» бағыты бойынша «Кітап – білім бұлағы», «Экология және қоршаған орта» бағыты бойынша «Жасыл Алматы», «Спорт және салауатты өмір салты» бағыты бойынша «OpenAir Sport» «ІТ, дрондар және робототехника» деп аталатын байқау өтіп, жеңімпаздар қалалық кезең-



ге жолдама алды. Мәселен, «Жұлдызды сәт» музыкалық (музыкалық шығармашылық және хореографиялық) байқауы №196 жалпы

білім беретін мектепте өткізіліп, оған аудан мектептерінің талантты оқушылары қатысты.

– Байқау барысында оқушылардың сахнада өздерін ұстай білуі, жан-жақты дайындығы, сондай-ақ әлем халықтарының мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу, дарынды орындаушыларды анықтау, көркем-эстетикалық талғамды қалыптастыру, музыкалық шығармашылықтың үздік дәстүрлерін сақтау және дамыту, қоғамдағы музыкалық, хореографиялық мәдениет мәртебесін арттыру сияқты талаптар қатаң ескерілді. Бұл байқаудың ерекшелігі де, артықшылығы да бар, – дейді №196 жалпы білім беретін мектеп басшысы Гүлмира Жолдасбайқызы.

Шындығында, өткізіліп отырған байқаудың жас таланттарға қолдау көрсетіп, өнерпаздарды анықтауға көп көмегі тиіп отырғанын аңғаруға болады.

Мәселен, «Вокалдық өнер» номинациясына қатысушылар «Академиялық бағыт бойынша – Соло, яғни жеке орындау және топтық орындау (дуэт, трио) т.б. орындау түрі бойынша сынға түссе, фольклор, халықтық әндерді орындау бағыты бойынша, эстрадалық, джаз әндерді орындау, домбырамен ән айту бағыты бойынша да өз өнерлерін көрсетті. Байқау барысында «Хореография өнері», «Аспаптық музыка өнері», т.б. номинация бойынша «Бас жүлде» мен 1, 2, 3-орын иегерлері анықталып, сертификаттар берілді. Жеңімпаздар қалалық байқауға жолдама алды.